

Сын сағатта
елдігіміз де,
ерлігіміз де
бойымыздан
табылуға тиіс.

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

#QAZAQSTAN30



«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ МЕН
ҮШІН МАҢЫЗЫ...»

3

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



«МЕН ЕКПЕ
АЛДЫМ!»

4

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 23 шілдедегі
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
674 779

II компонентпен
426 171

адам вакцина салдырды

ХАЛЫҚ САНАҒЫ–2021



«ҚАЗАҚСТАНДА
ӨРКІМ МАҢЫЗДЫ!»

ЕЛІМІЗДЕ ҰЛТТЫҚ
ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ
БАСТАЛУЫНА

39

КҮН ҚАЛДЫ

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №88 (6064) 24 шілде, сенбі, 2021 жыл.

ЖҰМЫС БАРЫСЫ ҚАТАҢ БАҚЫЛАУДА

Қала әкімі Алатау ауданындағы жаңа ғимараттардың
құрылыс қарқынын тексерді



Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев жұмыс сапары барысында Алатау ауданындағы балабақшалардың, мектептердің, сумен жабдықтау желілерінің, жолдардың құрылысымен және аумақты абаттандырумен танысты.

Ауданда мектеп орындарының санын көбейту мақсатында 5 жаңа мектеп және бұрыннан бар мектептер жанынан екі корпус салу жоспарлануда. Қала басшысы 125

орынды №166 лицейдің жаңа корпусымен танысты. Кітапхана, асхана және спорт залы бар жаңа ғимараттың нәтижесінде оқыту жағдайы жақсарды. Сондай-ақ, мектепке ашық спорт алаңы да салынған.

Жалпы, Алатау ауданында «Бюджетке қатысу» жобасы бойынша 24 ойын және спорт аймағы құрылмақ. Бұрын қараусыз қалған аймақтардағы жергілікті қоғамдық кеңістіктер абаттандырылатын болады.

2

ТОКИО–2020

КӨРЕРМЕНСІЗ ОЛИМПИАДА АЛАУЫ ТҰТАНДЫ



Кеше, 23 шілдеде Токио қаласында XXII жазғы Олимпиада ойындарының ашылу салтанаты өтті. Айтулы додада 200-ден астам елден 11 000-ға жуық қатысушы спорттың 33 түрінен бақ сынайды.

Ел үмітін арқалаған 97 жерлесіміз спорттың 27 түрінен сынға түседі. Олардың ішінде бокс бәсекесінде тоғыз спортшы, атап айтқанда, ерлер құрамасында 52 келіге дейін Сәкен Бейбосынов, 57 келіге дейін Серік Теміржанов,

63 келіге дейін Зәкір Сафиуллин, 69 келіге дейін Абылайхан Жүсіпов, 75 келіге дейін Әбілхан Аманқұл, 81 келіге дейін Бекзад Нұрдәулетов пен Рио Олимпиадасының күміс жүлдегері 91 келіге дейін Василий Левит, 91 келіден жоғары салмақта Қамшыбек Қоңқабаев және әйелдер құрамасынан 75 келіде Надежда Рябец жүдырықтасады.

(Жалғасы 3-бетте).

ҚЫСҚА...

- ҚР Президенті Қ.Тоқаев ардагер журналисті ғасырлық тойымен құттықтады.
- 25 шілде күні елімізде алғаш рет ауыл әкімдерінің тікелей сайлауы өтеді.
- Биыл ел аумағында 130 млн.-ға жуық ағаш отырғызылады.
- Қала әкімі Б.Сағынтаев Алатау ауданындағы әлеуметтік және инженерлік нысандардың құрылыс қарқынын тексерді.
- Мегаполисте салынып жатқан құрылыс нысандарының интерактивті картасы іске қосылды.



ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сайлаушыларды белсенді түрде дауыс беруге шақырды



Әсел
ДАҒЖАН

«25 шілде күні Қазақстанда алғаш рет ауыл әкімдерінің тікелей сайлауы өтеді. Бұл оқиға саяси жаңғырудың жаңа кезеңін білдіреді. Сайлаушыларды белсенді дауыс беруге шақырамын. Халықтың мүддесі үшін барлық қажетті өзгерістерді жүзеге асыру керек», – деп жазды Қасым-Жомарт Тоқаев Twitter парақшасында.

Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли сайлау науқаны барысында азаматтарымыз жоғары белсенділік танытып, тұрғындардың мемлекет ісі мен қоғам өміріне етене араласатынын және еліміздің қазіргі дамуы мен келешегіне зор жауапкершілікпен қарайтынын көрсеткенін, мұны Президент «азаматтық патриотизмнің шын мәніндегі шынайы көрінісі» деп атағанын жазды.

Ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын өткізу бастамасын Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылдың 1 қыркүйектегі Жолдауында ұсынған болатын. Алғаш рет өтетін ауыл

әкімдерінің сайлауына қатысуға тіркелгендердің басым көпшілігі – өзін-өзі ұсынған азаматтар. Олар жалпы кандидаттардың 61,8%-ын құрап отыр.

Республика бойынша сайлауға қатысу үшін 2582 адам өз кандидатурасын ұсынса, оның 2297-сі немесе 88,9%-і қажетті тіркеуден өтті. 878 адам (38,2%) саяси партия атынан кандидат болды.

Еліміздегі 6 саяси партия ауыл әкімі болуға өз кандидаттарын ұсынды.

Тіркелгендердің жалпы санының 61,8%-і немесе 1419 адам өзін-өзі ұсынған.

Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауыл округі әкімі болу үшін сайлауға 25 жастан асқан Қазақстан азаматы қатыса алады. Сондай-ақ, мемлекеттік қызмет саласындағы заңнама талаптарына сәйкес келуі керек, сотталмаған және сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасау фактісі болмауға тиіс.

25 шілдеде өтетін сайлауда Қазақстан бойынша 730 әкім сайланады. Тағы 45 басшы жыл соңына дейін сайланады, олардың өкілеттік мерзімі аяқталуы қажет.

Жұмыс барысы қатаң бақылауда

қала әкімі Алатау ауданындағы жаңа ғимараттардың құрылыс қарқынын тексерді



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

«Дарабоз» шағынауданында 320 орынға есептелген жаңа жеке балабақша Zere School ашылды. Білім беру бағдарламасымен және ішкі құрылымымен танысқаннан кейін қала әкімі Білім басқармасының басшысына аз қамтылған отбасылардың балаларына төленетін өтемақы мәселесін пысықтауды тапсырды.

Бақытжан Сағынтаев, сонымен қатар, болашақ ұлттық жұқпалы аурулар ғылыми орталығының құрылыс алаңында болып қайтты. Жаңа медициналық мекеме Елбасының тапсырмасы бойынша салынуда. Мекеме 350 төсек-орынға есептелген. Қазіргі таңда жерүсті дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ғимараттың іргетасын қалау үшін шамамен 110 мың текше метр топырақ шығарылған.

Аудандағы спорттық инфрақұрылымды жақсарту үшін денешынықтыру, сауықтыру кешені, төрт жабық және он ашық алаңда орналасқан теннис орталығы салынуда. Б.Сағынтаев нысандарды пайдалануға беру қарқынын жеделдетуді тапсырды.

Соңы. Басы 1-бетте.

Қала әкімі жеке инвестор салып жатқан үстел теннисі орталығын қарап шықты. 12 үстелге арналған ойын залының алаңы 1510 шаршы метрді құрайды. Ғимаратта спортшыларға арналған қонақүй мен асхана, көрермендерге арналған трибуна бар.

Шаһар басшысы «Зерделі» ықшам-ауданындағы үйлердің іргетасын нығайту жұмыстарының барысын тексерді. Бүгінде «ҚазКСҒЗИ» АҚ жүргізген зерттеулер мен ұсыныстарға сәйкес үш үй нығайтылып, тегістелді. Биыл 10 үйдің іргетасын нығайту жоспарланған. Бекітілген үйлердің қасбеттерін сырлау және кіреберістерін жөндеу жұмыстары жалғасуда.

Сонымен қатар, биыл ауданда аулаларды абаттандыру, арық желілерін жөндеу жұмыстары жоспарланған. Құрылыс-монтаж жұмыстары жұмыс кестесіне сәйкес жүргізілуде. Қала әкімі құрылыс жұмыстарының сапасына және жұмыс барысына күнделікті бақылау жасауды тапсырды.

Мегаполис басшысы «Нұркент» шағынауданындағы 18 үйдің қасбеттерін жөндеу барысымен танысты. Б.Сағынтаев Қала құрылысын бақылау басқармасының мамандарын тартуды және шағынауданында белсенді тұрғындарымен бірге жүргізіліп жатқан жұмыстардың сапасына қатаң бақылау орнатуды тапсырды. Аула аумақтарын

абаттандыруда және тұрғын үй кешенінен шығатын қосымша орынды ұйымдастыруда тұрғындар пікірлері ескерілуі тиіс екені айтылды.

«Алғабас» шағынауданында қала әкіміне инженерлік желілер құрылысының қарқыны туралы баяндалды. Жобаның бірінші кезеңі аясында өткен жылы 14,5 шақырым сумен жабдықтау және 11 шақырым су бұру желілері салынды. Ағымдағы жылы 2,5 шақырым сумен жабдықтау және 2,5 шақырым көріз желілерін салу жоспарлануда. Сумен жабдықтаудың абоненттік желілері қосылуда, сондай-ақ жол жамылғысының негіздері жасалып жатыр. Сумен жабдықтау және судан бұру қызметін 6 мың тұрғын (1250 үй) пайдаланатын болады.

Екінші кезең аясында «Алғабас» шағынауданында 10 шақырым су құбырлары мен көріз желілерін тарту жоспарланған. Аяқтау уақыты келесі жылға белгіленген. Су желілеріне 4,5 мың адам тұратын 1014 үй қосылады.

Сондай-ақ, Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаев «Алғабас» шағынауданының Алдияр көшесіндегі су басудың зардаптарын жою жұмыстарының сапасына баға берді және «Әйгерім-1, 2» ықшамаудандарындағы жұмыс барысымен танысты. Мұнда 15 шақырым су желілері мен 15 шақырым су бұру жұмыстары жүргізілуде. Жұмысты келер жылы аяқтау жоспарланған.

«Нұркент» шағынауданында қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында аудандық басқарма жанынан полицияның жаңа бөлімі ашылды. Қала әкіміне мұнда 90 қызметкердің жұмыс істейтіні, қызмет көрсету аумағы 2 мың гектар, тұрғындарының саны 97 мың адам екені баяндалды. Б.Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша алаңы 400 шаршы метр болатын орын бөлінді.

Жұмыс сапары кезінде қала әкімі «Бюджетке қатысу» аясындағы қоғамдық орындарды абаттандыру жобаларымен де танысты. Райымбек даңғылы-Момышұлы көшесінде ойын және спорт алаңдарын құру бойынша көпір-асты кеңістік реконструкциялануда. «Әйгерім» шағынауданында жергілікті қоғамдық аймақ көріктендіріліп, Мөңке би мен Әлмерек көшелерінің қиылысында артезиан бұлағының айналасы тазартылып жатыр.

САҢДАР СӨЙЛЕЙДІ



Шаһарда орталықтан-дырылған суға **1,8 млн.** тұрғын қол жеткізді.



Биыл **4,2 мың** алматылық бала тегін үйірмелерге баруға мүмкіндік алды.



Мегаполисте биылғы жылдың алғашқы жартыжылдығында **9738** пәтер пайдалануға берілді.



Жыл соңына дейін Алматыда **3000** жол белгісі қойылады.



Оңтүстік астанадағы электронды сауданың салығынан қала қазынасына **26,4 млрд. теңге** қаржы түскен.

Әрі қорған, әрі қамқор

Тәртіп сақшылары автобустарда түсіндіру жұмыстарын жүргізуде



Әсел
БЕЛДЕУБАЕВА

Қаланың тәртіп сақшылары тұрғындар арасында бетперде режимін және басқа да санитарлық нормаларды сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізуде.

«Рейд барысында жүргізушілермен және жолаушылармен қоғамдық көлікте жүру кезінде карантин режимін сақтау туралы түсіндірме әңгіме жүргізілді. Көптеген жолаушылар медициналық бет-

перде кимеген. Бұдан өзге, әр ауданда 8 арнайы топ құрылды, олар саябақтарда, скверлерде және адам аяғы көп жүретін орындарда бетперде режимін сақтау бойынша рейдтер жүргізді. Бетперде тақпаған адамдарға біз тараттық», – деді Алматы ПД жергілікті полиция қызметі басқармасының басшысы Манап Саттаров.

Қаладағы эпидемиалық күрделі, вирус жұқтырушылар саны күн санап артуда. Сондықтан жауапкершілікпен бетперде таққан абзал.

Шаһардың бас жоспары қарастырылуда



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматы қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасының басшысы Алмасхан Ахмеджанов қаланың бас жоспары қашан қабылданатынын айтты.

«Бас жоспар әлі де талқылануда. Ол қоғамдық ұйымдардың пікірін ескере отырып талқыланады. Біз топтарға бөліндік. Әр топ жоба әзірлеушілерімен жеке жұмыс істейді. Менің ойымша, тамыз айында біз түпкілікті шешімге келеміз. Жақында ғана мен көлік инфрақұрылымы бойынша болған мәселелер мен ескертулерді талқылауға қатыстым.

Жұмыс жақсы жүріп жатыр, бұл мәселелерді қоғам белсенділері арқылы талқылаған кезде пайдалы деп санаймын. Негізінен, жолайрықтардың санын қысқарту, көшелердің тауға емес, қалаға кіреберіс жағынан сыртқы көліктерге жолдар жасау туралы ескертулер болды», – деп жауап берді басқарма басшысы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде.

Спикер сарапшылардың заңнамаға сәйкес келетін және бас жоспарға енгізуге болатын барлық ескертулерін қабылдағанын және соңғы кезең тамыз айында болатынын айта өтті. Бұдан әрі қоғамдық талқылаулардан басқа, рәсімдік процесс, жобаны сараптау, мәслихатта таныстыру болады. Содан кейін мәслихат жобаны үкіметтің бекітуіне беруге тиіс.



QAZAQSTAN30

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ МЕН ҮШІН МАҢЫЗЫ...»



Дастан ҚАСТАЙ,
«Стамбул» университетінің
магистрі, ҚР Тұңғыш Прези-
денті – Елбасы қоры стипен-
диясының иегері:

– Егемен. Азат. Тәуелсіз.
ҚазҰУ-да құрметті профессорым
Кәкен Қамзин әр дәрісінің соңын
«Азатсындар, айналайындар!»



Марат АЛИМАНОВ,
Талғар аудандық
мәслихатының депутаты:

– Халқымызға ғасырлар бойы
арман болған тәуелсіздік, егемен-
дік ұстанымдары – биікке
көтеретін кастерлі ұғым. Бүгінде

деп аяқтайтын. Қазір ойлансам,
аса ауқымды, ақыл көзінің кең
аясымен назар салатын торап
екенін ұғынамын. Ең алдымен,
сананың ашықтығы, сана еркін-
дігі. Біздің буынның ой-өресі
мүлдем басқа. Батыл. Шешімгер.
Туындыгер. Ешкімнің ығына
оңайлықпен жығыла кетпейді.
Бізге тәуелсіздік, ең алдымен,
осы қасиеттерді сыйлады.

Тәуелсіздік таңының саясын-
да өз-өзімді еркін, жан-жақты
дамытуға мүмкіндік туды. Шет
елде оқимын, бас бостандығына
бұғаулық түскен ұлт өкілдерінен
достарым өте көп. Олардың сая-
си, рухани, мәдени құндылық-
тары ескеріле бермейді. Біздің
арқаланатын егемен еліміз бар.

Мен тәуелсіз шактың баянды
бақыт дәмін әрбір жетістікке
жеткен сайын татамын. Бірақ
тәуелсіздік – тоқмейілісін
тақырып емес. Тәуелсіздік –
өзіңді, өз мемлекетіңді биіктету-
дің, алға жетелеудің ашық
марафоны.

азаттықты аңсаған әрбір азамат-
тың түпкі мақсаты 30 жыл бұрын
орындалып, бақытты ғұмыр
кешіп келе жатқан жайы бар.
Бізді осы күнге жеткізген оқиға-
лар тарихтың қойнауында қалып
қалмай, санамызда сақталып
қалуы қажет. Себебі, «Өткенді
білмей, болашақты бағдарлауың
қиын» деген сөз бар. Сол себеп-
тен, әрқайсымыз ата-бабалары-
мыздың ерлік істерін, елімізді
жаудан қорғау үшін жанын беріп
жанын салғанын естен шығарма-
ғанымыз дұрыс. Қазіргі сәтте
жалынды жастарымыз еліміздің
атын әлем халықтарына танытып,
Көк Туымызды аспанымызда
желбіретіп жүрген жайы бар.
Келешекте қазақ елі бұдан да
үлкен жетістіктерге жетуіне әрбір
азамат өз үлесін тигізіп, атса-
лысса, нұр үстіне нұр болар еді.
Мен өз Отанымды сүйемін және
мақтан тұтамын.

құрдасымын. Елімізде Адам
құқықтары туралы жалпыға
бірдей декларацияда қабылданды.
Әр азамат өзінің жеке құқықтары
мен бостандықтарын түсінді.
Толықтай өзін ҚР азаматы ретінде
сезінді. Қазіргі таңда біздің
еліміз достықты, келісімді,
үйлесімділікті сақтай алатын
елге айналған. Бүгінде әр азамат
бақытты күн кешуде, балалары-
мыз да, қарттарымыз да бейбіт-
шілікті жақтайды. Бұның бәрі
бірінші Жаратушымыздың,
екінші халқымыздың бірлігінің
арқасы деп санаймын. Біз елмен
бірге өсіп, өркендейміз, елмен
қатар дамимыз. Себебі, жастар ел
мұрасын бағалайды, мақтан
тұтады, кемелдендіреді! Бізде бір
тарих бар – ол жетістік пен жеңіс
тарихы!

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы
құтты болсын, қымбатты
отандастар!

Әзірлеген
А.ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.



Айжан ҚҰСАЙЫНОВА,
«Аманат» бағдарламалық
клубының төрайымы:

– Биыл еліміз өзінің үлкен
мерейтойын – Тәуелсіздіктің
30 жылдығын атап өтуде. Мен
еліммен бірге өсіп келемін.
Себебі, мен – Тәуелсіздіктің

ҚОСЫМША ТӨСЕК-ОРЫНДАР ҚОЙЫЛУДА



**Айнұр
СЕНБАЕВА**

Алматы қаласы әкімінің
орынбасары Ержан Бабақұмаров
мегаполистегі вирус жұқтыру-
дың өсуіне орай резервтегі төсек-
орындарды қосымша қоюды
тапсырды.

Қала басшысы Бақытжан
Сағынтаевтың тапсырмасы бойын-
ша Ержан Бабақұмаров мега-
полистегі эпидемиологиялық
ахуалдың нашарлауына байла-
нысты коронавирус инфекция-
сының таралуының алдын алу
жөніндегі қалалық штабтың
жұмыс кеңесін өткізді. Жиынға
қалалық Қоғамдық денсаулық
басқармасының басшысы
Н.Табынбаев, аумақтық Санитар-
лық-эпидемиологиялық бақылау
департаментінің басшысы,
мегаполистің мемлекеттік Бас
санитар-дәрігері Ж.Бекшин,
аудандық әкімдіктер мен бейінді
басқармалардың өкілдері қатысты.

Кенесті өткізудегі басты
мақсат – инфекцияның таралуына

қарсы күрестің қосымша шара-
ларын қабылдау және мутация-
ланған COVID-19 штамының
өршіп бара жатқанын ескере
отырып, денсаулық сақтау жүйесі
инфрақұрылымының дайындығын
қамтамасыз ету. Өйткені, қазіргі
таңда медициналық көмекке
мұқтаж науқастар саны артқан.

Бүгінде Алматыда 86 мыңнан
астам КВИ жұқтыру жағдайы
тіркелген, оның ішінде соңғы
тәулікте тіркелгендер саны – 993
жағдай. Тәулік сайын 400-ден
астам науқас ауруханаға жатқызы-
луда, бұл емделіп шыққандар
санынан 2 есе көп. COVID-19-бен
3099 пациент стационарлық ем
қабылдап жатыр, ал реанимация
мен интенсивті терапияда
228 науқас емделуде.

Әкімнің орынбасары Ержан
Бабақұмаров шілде айының басы-
нан бері реанимация бөлімінде
жатқан науқастар санының үш
есеге артқанын, үй карантиніндегі
пациенттердің динамикасы (5821
науқас) өткен айда 6 есеге өскенін
атап өтті. Барлық инфекциялық
стационарларда төсек-орын-

дардың жүктемесі 50%-дан асады.
Сондықтан тамыз-қыркүйек
айларына арналған болжамды
жағдайларды және қаладағы
аурулардың қарқыны мен деңгейін
ескере отырып, қалада резервтік
инфекциялық төсектерге қажетті-
лікті анықтау тапсырылды (қолда-
ныста 6090 төсек-орын бар) және
оларды пайдалануды бастау қажет.

Сондай-ақ, кадр резервін қам-
тамасыз ету және оларды ковидті
терапияға үйрету, жалған вакци-
налау төлқұжаттарын қолдан
жасаумен күресу және алдыналу
бойынша нұсқаулар берілді.
Коронавирус инфекциясының
таралуының алдын алу жөніндегі
Қалалық штаб алматылықтарды
қорғаныс шараларын қатаң сақтау-
ға шақырды.

Мамандар қала тұрғындарына
бетперде режимін, әлеуметтік
қашықтықты қатаң сақтауға, адам-
дар көп жиналатын орындарға
бармауға, сонымен қатар вакцина
салдыру мәселесін кейінге қалдыр-
мауға шақырады. Өйткені, екпе –
инфекциядан қорғаудың жалғыз
әдісі.

ТОКИО – 2020

КӨРЕРМЕНСІЗ ОЛИМПИАДА АЛАУЫ ТҰТАНДЫ



**АЙЖАН
БҮРКІТБАЕВА**

Жалғасы. Басы 1-бетте.

Аламан жарыста ауыр атлетика
бойынша 339 жүлде сынға салын-
ған. Қазақстанның атынан спорт-
тың бұл түрінен екі ауыр атлет
Зүлфия Чиншанло мен Игорь Сон
алаңға шығады.

Биылғы жазғы ойындарға Рио
Олимпиадасының жүлдегерлері
Дмитрий Баландин (жүзу, алтын),
Елдос Сметов (дзюдо, күміс),
Галбадрах Отгонцэцег (дзюдо, кү-
міс), Элмира Сыздықова (әйелдер
күресі, қола), Ольга Рыпакова
(жүзіл атлетика, қола) қатысады.
Токио Олимпиадасында бақ сынай-
тын қазақстандық спортшылардың
жасы үлкені – 45 жастағы Наталья
Сергеева (каноз мен байдарка есу),
ең жасы – көркем гимнастикадан
сынға түсетін 19 жастағы Алина
Әділханова. Ал спорттық гимнас-
тикадан жерлесіміз Милад Карими
спорттық гимнастиканың жеті
түрінен жүлдеге таласады. Ұлттық
құрамада басқа елден келген
легионерлер де бар.

Токио-2020 – тарихта көрер-
мендерсіз өтетін алғашқы Олим-
пиада ойындары болмақ. Бір жылға



кейін шегерілген спортшылар
сайысы сақтық шараларын сақтай
отырып, Олимпиада ұйымдастыру
комитетінің және Жапон елі билігі-
нің талап-ережелеріне сай өткізі-
леді.

Жарыстың шымылдығын садақ
ату мен академиялық есу спорт
түрлері ашты. Алғашқы жарыс
күнінде садақ атудан үш қазақ-
стандық, атап айтқанда Санжар
Мұсаев, Ильфат Абдуллин, Денис
Ганькин және академиялық есуден
Владислав Яковлев іріктеу кезең-
дерін бастады. Алдын ала өткі-
зілген садақ ату жарысының қоры-

тынды хаттамасы бойынша
9-орынға табан тіреген Денис Гань-
кин 669 ұпай жинап, қазақстан-
дықтар арасында үздік нәтиже
көрсетті.

Ильфат Абдуллин 657 ұпаймен
27-орынға, Санжар Мұсаев 647
ұпаймен 52-орынға жайғасқан.
Алғашқы үштікке Оңтүстік Корея-
ның спортшылары енген. Бүгін
спортшылар бокс, жүзу, дзюдо,
баскетбол, ауыр атлетика және
басқа да спорт түрлерінен сынға
түседі.

Ел үмітін үкілеткен спортшы-
ларымызға сәттілік тілейміз!

ҮЗДІК УНИФОРМАЛАР

олимпиадашыларды айшықтай түсті



**Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ**

Танымал Forbes журналы
олимпиадалық форманың үздік
8 дизайнын анықтады.

Журналдың шолушысы Стефан
Рабинов түзген үздік униформалар

рейтингінде Қазақстан командасы-
ның формасы да бар. Үздік формалар
тізіміне #teamKZ атлеттерінен бөлек,
АҚШ, Либерия, Ресей, Чехия, Қытай,
Оңтүстік Африка және Жапония
командаларының формасы енген.

Қазақстан командасының форма-
сын сипаттай келе, автор түстердің

жақсы үйлесім тапқанына, ең
бастысы – жобадағы командалық
жұмыстың жоғары болғанына
ерекше назар аударған. Өйткені,
форманы дайындау барысына
спортшылар да қатысқан болатын.

Қазақстан командасының отыз
бес мүшесі форманы дайындау
барысына тікелей араласқан. Дизай-
нер Салтанат Баймұхамедова матаны,
түсті және декоративті элементтерді
таңдау кезінде командамен бірлесе
жұмыс істеген.

– Олимпиадалық форма спорт-
шыларға халықтың қолдауын
сезінуге, олимпиадаға апарар жолда
шабыттануына әсер етті. Аспан
реңдес көк түс қазақ даласындағы
шегі жоқ аспанды еске салады. Бұл ел
астанасы мен Алматы қаласының сән
орталығы екенін одан әрі айқындап,
екі қала арасындағы мәдени бәсеке-
лестікті де арттыра түседі. Олим-
пидалық рух дұрыс насихатталса,
бәрі де жеңіске жетеді, – дейді
олимпиадашылар формасын жасаған
дизайнер Салтанат Баймұхамедова.

Униформаның таныстыры-
лымындағы арнайы фотосессияға
қазақстандық олимпиадашыларда
қатысқан.



«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ!»



Назира ТОҒЫЗБАЕВА,
қоғам белсендісі:

– Қазіргі уақытта пандемия – бұл миф емес, әлемдік қастандық та емес! Өкінішке қарай, бұл бүкіл адамзатқа осынау қауіпті сынаққа байсалды қарауға мәжбүр еткен шындық. Мен де көптеген Алматы тұрғындары секілді, COVID-19-ға қарсы екпе алдым. Біраз адамда вакцинаны жарнамалауда деген пікір қалуы мүмкін. Бірақ бұл мүлде олай емес. Екпе, ең алдымен, менің денсаулығымға керек және туыстарым мен жақындарымның, әріптестерімнің қауіпсіздігі. Қаламызда вакцинация пункттерінде екпе ектіріп жатқан әртүрлі жастағы адамдардың көп екендігін көргенде, бұған шын жүректен қуандым. Себебі, біз қалыпты өмірге оралуды қаласақ, ұжымдық иммунитет қалыптас-тыруымыз қажет. Бүгінде вакцинация қоғамдық денсаулық үшін, біздің сүйікті қаламыздың, еліміздің болашағы үшін бұрынғыдан да маңызды! Вакцинация – бұл әркімнің ерікті таңдауы! Мықты денсаулық пен алаңсыз өмірдің пайдасына өз таңдауыңызды жасаңыз! Өзіңізді, жақындарыңыз бен туыстарыңызды сақтаңыз!



Төлеу ШАРИФУЛЛИН,
зейнеткер:

– Еліміз аман, бауырымыз бүтін уақытта мына пандемия келді де, елді әбден әуре-сарсанға салды. Осы індеттің кесірінен бірі жақын-жуығынан айырылса, бірі төсек тартып қатты ауырды. Бірқатар кәсіпкерлік нысандарға карантиндік шектеулер кесірін тигізді. Осының бәріне қарсы тұрып, ортақ иммунитет қалыптастыратын, ол әрине – екпе. Үкіметтің батыл шешімдер қабылдап, халықтың денсаулығын нығайтатын нақты келіссөздерінің нәтижесінде шетелдік және отандық вакциналар қолданысқа ене бастады. Мен де жасым сексенге келіп қалса да, ешкімнің даурықпа ақпаратына құлақ аспай, екпе алдым. Ел болған соң, түрлі қуанышы да, қазасы да болады. Өзім осылардың басы-қасында жүретін болғасын, отбасымды, немерелерімді қорғау мақсатында бұл екпені салдырдым. Қанқу сөздерге ермей, мамандардың сөзіне сенетін уақыт жетті деп ойлаймын.

ҚОРҒАНУДЫҢ БАСҚА ЖОЛЫ ЖОҚ



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

И.Жекенова атындағы қалалық клиникалық жұқпалы аурулар ауруханасының аға дәрігері Абзал Малбасқанов Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен онлайн-брифингте коронавирустың жаңа штамы, бактериялық пневмонияны жұқтырғандарды емдеу, сондай-ақ адам ағзасын қорғауға және иммунитетті күшейтуге қабілетті вакциналар туралы айтты. Оның айтуынша, «дельта» белгілері қарапайым суық тиюге ұқсайды. Бірақ жұқтырған адамдар аурудың ауыр түріне шалдығып, біраз қиналады.

– Бұрыннан білетін штамдармен салыстырғанда, коронавирустың «дельта» штамы анағұрлым жұқпалы. Инкубациялық кезеңі де қысқа. Егер «британдық» және «Оңтүстік Африка» штамдары 5-6 адамға дейін жұғатын болса, «үнділікті» 10-12 адамға дейін жұқтыру қаупі бар. Инкубациялық кезең қысқарды, егер бұрын ол 14 күн болса, бүгінде ауру 5-7 күнде пайда болуы мүмкін. Бұл жағдайда адамдар клиникалық симптомдарды көрсетеді. Бұрын симптомсыз және аурудың жеңіл түрі болған еді, – деді А.Малбасқанов.

Сондықтан мамандар пікірінше, жуық арада баршамызға вакцина алу қажет. Вакциналау вирустың таралу жылдамдығын төмендетіп, аурудың ауыр түрін азайтады.

– Коронавирус тыныс алу жүйесіне ғана емес, жүрек-тамыр жүйесіне де әсер етеді. Аурудың ағымына байланысты болашақта адамдарға ұзақ оңалту жұмыстары қажет болады. Қазіргі таңда ауру тез таралып, етек жайып жатыр. Индеттің өршуі адам ағзасындағы қатерлі ауруларды қоздырып, жансақтау бөліміне дейін жеткізуі мүмкін. Ал вирусты жұқтырып, бірақ өзін жайсыз сезінбейтіндер арасында симптоматикалық және синдромдық емдеу жүргізіледі, – деді аға дәрігер.

Коронавирус инфекциясымен қатар, қалада пневмония жиі кездеседі. Олар бак-



териялық, вирустық және жүйелік аурулардан туындаған.

– Біз бактериалды пневмонияны бірінші жыл емдеп жатқан жоқпыз. 2020 жылы көптеген адам коронавирусты бактериялық пневмония деп қателесіп, вирусты емдеуге пневмония препараттарын пайдаланды. Бұл – дұрыс емес. Бактериялық пневмониямен альвеолалардың ішінде газ алмасу жүреді, ал коронавирустық пневмониямен альвеолалардың қабырғаларынан тыс қабыну процесі жүреді. Бұл екі пневмонияның маңызды айырмашылығы, – деп түсіндірді А.Малбасқанов.

Сондай-ақ, баспасөз конференциясының соңына таман Абзал Малбасқанов корона-вирустан жазылып шыққан науқастарға 1-3 ай аралығында санаториялық ем қабылдау қажет екенін айтып, алматылық тұрғындарға қауіпсіздік шараларын сақтап, бетперде тағып, қолғап киіп, адам көп жиналатын жерде болмау керек деді.

– Иммунитетті күшейтіңіз. Тамақтану өте маңызды. Мүмкіндігінше табиғи өнімдерді тұтыну керек. Мен белгілі бір өнімдерді бөліп айтқым келмейді, өйткені әр жемісті бөліп қарасақ, әрқайсысының өзіндік пайдасы бар. Сондай-ақ, күнделікті өмірде салауатты өмір салтын ұстану қажет. Дене шынықтырумен, гимнастикамен айналысу денсаулығыңызға артықтық етпейді. Ерінбеу керек. Ең бастысы – екпе алыңыз, – деді дәрігер.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

«ДЕЛЬТА» ДЕС БЕРМЕЙ ТҰР

ҚАЗАҚСТАН да «дельтаның» шеңгелінен шыға алмай отыр. Жылдам тарайтын бұл штамм бейкүнә балаларды да аямай тұр.

Солтүстік Қазақстан облысында жасы 1-дегі сәби коронавирустан көз жұмды. Баланың жағдайы ауырлай берген соң дәрігерлер оны жасанды тыныс алу аппаратына қосқан. Бірақ бірнеше күн жансақтау бөлімінде жатқан бүлдіршін сол күйі есін жиымастан көз жұмған.

Өкінішке орай, бүгінгі таңда елімізде «жасыл аймақта» тұрған бірде-бір өңір жоқ. Ал өзіміздің Алматы әзірге «қызырып» тұр.

ИЗРАИЛЬ елінде КВИ жұқтырғандар саны артты. Олардың ішінде бала көп. Сондықтан ауруханалардағы балалар бөлімінде жоспарлы операциялар кейінге шегерілген. «Егер жансақтау бөлімінде науқастар саны артып, денсаулық сақтау жүйесіне қатер төнсе, шектеулер енгізуіміз керек», – деп отыр жергілікті билік өкілдері. Мамандар барлық мәселе «дельтада» дейді.

Бірақ билік халықты жаппай вакциналау өз жемісін беріп жатқанын атап айтып отыр. Бұл мемлекетте халықтың 70%-ы екпе алған.

Елде күн сайын 1 мыңға жуық адам вирус жұқтырып жатқанымен, олардың көбінде ауру жеңіл және орташа ауыр түрде өтуде. Израильде науқастар санының артуына қарамастан, жабық нысандарда бетперде тағып жүруден басқа іс-шара енгізбеген. «Қызыл аймақтағы» елдерден басқа мемлекеттерге саяхаттауға да рұқсат.

АҚШ мемлекетінде пандемия басталғалы 4 млн.-нан аса бала КВИ жұқтырған. Бір аптаның өзінде 24 мыңға жуық адам тіркелген. Жалпы, бүгінгі таңда мұнда жасы 12-ден асқан балалар шұғыл түрде екпе салдыра алады. Ал биылғы күзде не қыстың ортасына дейін 12 жасқа дейінгі балаларға да екпе қабылдауға рұқсат берілуі мүмкін.

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, COVID-19 салдарынан әлемде 1,5 млн. бала ата-анасынан не бірге тұратын ата-әжесінен айырылып қалған.


ҮНДІСТАН билігі елде коронавирустың «үшінші толқыны» басталғанын ресми түрде мәлімдеді. «Дельта» дес берер емес. Мутацияның өршуіне жергілікті эпидемиологтер мен дәрігерлер дайын болмай шыққан.

Вирустың әлемдегі таралуын бақылап отыратын американдық және еуропалық эпидемиологтар жариялаған тәуелсіз зерттеу бойынша, үнді жеріндегі коронавирус құрбандарының саны «400 адам қайтыс болды» деген ресми деректен 10 есеге көп. Жергілікті билік өлім-жітім көрсеткішін әдейі азайтып көрсеткен.

Бір ғана Дели штатындағы науқастар саны соңғы 1-2 күнде 103%-ға артқан. Жергілікті дәрігерлер науқастардың қалың нөпіріне төтеп бере алмай отырғанын жасырмайды. Үндістанда қазір бір дәрігерге 44 науқастан, тіпті кейбір штаттарда 80 науқастан келеді екен.

ПЕРУ полициясы КВИ-ден емдейтін мемлекеттік ауруханадағы әр орын үшін 21 мың АҚШ долларын сұраған қылмыстық топты ұстаған. 9 күдікті қамауға алынған.

Полицияға жансақтау бөліміне емделуге жата алмай жүрген науқастың бауыры хабарласып, шағым түсірген. Билік елдегі эпид-



ахуалдың қатты ушығып кетуіне дәл осы жағдай әсер еткенін айтады.

Елде вакциналауға байланысты былық та жетіп-артылады. Жоғары лауазымды шенеуніктер екпені кезектен тыс салдырып алған. Қаңтарда бұрынғы Денсаулық және Ішкі істер министрлері қызметтен қуылған болатын.

ТАИЛАНД елінде жасы 60-тан асқан тұрғындарға, салмағы 100 келіден асатын азаматтарға және жүкті аналарға екпе салдыруға рұқсат етілді. Мұны естіген жұрт вакциналау орталығына лап қойған. Сөйтіп, ұзын-сонар кезек пайда болған. Ал билік дәл мұндайды күтпепті. Салдарынан екпе орталығының сыртында да, ішінде де әлеуметтік арақашықтық сақталмаған.

Соңғы уақытта бұл елдегі эпидемиологиялық ахуал да нашар. Кейінгі бір күнде 6 мыңнан аса адам вирус жұқтырған.

ТӘЖІКСТАН президенті Эмомали Рахмонның қарындасы, 64 жастағы Курбонби Рахмонова коронавирустан қайтыс болды. Елдің Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметі бойынша, Рахмонова бұған дейін КВИ жұқтырып, ауруханаға жатқызылған екен.

Айта кетейік, таяуда осы ел президенті жұбайының анасы, 88 жастағы Узбекби Асадуллоева коронавирус белгілері бар аурудан қайтыс болған еді.

ОҢТҮСТІК КОРЕЯ да «дельтадан» зардап шегуде. Бір тәулікте 1800-ден астам адам вирус жұқтырған. Бұл елде пандемия басталғалы тіркелген ең үлкен бір күндік көрсеткіш осы екен.

Қазіргі кезде індет жұқтырғандар туралы жаңа деректердің шамамен 40%-ы осы мутациямен байланысты. Дегенмен, мамандар кісі өлімі мен жағдайы өте ауыр науқастар санының артуы байқалмайтынын айтып отыр. Бұл коронавирусқа қарсы екпенің пайдасы болуы мүмкін дейді сарапшылар. Шамамен 52 млн. тұрғыны бар Оңтүстік Кореяда бүгінде әрбір 3-ші тұрғын екпенің екі компонентін де алып қойған.

ГРЕКИЯ халқы екпе алу науқанына қарсылық білдіріп тағы бас көтерді. Афинадағы парламент ғимаратының алдына 1,5 мыңға жуық адам жиналған. Тәртіп сақшылары наразы топты тарату үшін көзден жас ағызатын газ шашуға мәжбүр болған.

Естеріңізге сала кетейік, осының алдында Грекия билігі қарттар үйлері мен медицина қызметкерлерін вакцина салдыруға міндеттеген болатын. Екпеден бас тартқандар ақысы төленбейтін демалысқа жіберілмек. Ал елде соңғы күндері індет қатты өршіп кеткен.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.

КВИ-ді жазатын дәрі



Израиль ғалымдары коронавирусты емдейтін дәрі ойлап тауыпты. Ол дің жасушаларына негізделген көрінеді. Сарапшы-мамандардың мәлімдеуінше, өлім аузында жатқан, өкпесі жасанды желдету аппаратына қосылған науқастар жаңа препараттың көмегімен тез арада аяққа тұрып кетіп жатыр.

Бұл COVID-19 індетімен күресуге көмектесетін жаһандағы алғашқы дәрі болуы мүмкін. «Біз көптеген жыл бойы дің жасушаларын зерттеп келеміз. Себебі, олар иммундық жүйені тыныштандыратын қасиетке ие. Мәселен, қандай да бір зақымдалған тін болса, аталған жасушалар оны тез қалпына келтіре алады. Жаңа дәрі ауыр халде жатқан науқастарға тексерілген. Нәтижесінде бірінші екпеден кейін-ақ комада жатқан азаматтар оянып, сауыға бастаған. Өйткені, осы дәрінің арқасында вирус ағзаға шабуылын доғарады екен», – дейді дәрі жасаушы Томер Бронштейн.

Таяуда клиникалық сынақтардың екінші кезеңі бас-талмақ. Оған 60 науқас қатысады деп күтілуде. Арасында шетелдік азаматтар да болады.



«COVID-19 індетіне қарсы егілмеген балаларды мектепке кіргізбейді. Ал вакцинадан бас тарту мектеп оқушыларының білім алу конституциялық құқығынан айыруы мүмкін». Facebook-те осындай мәтіндегі хабарлама тарап жүр. Stopfake.kz бұл ақпаратты жокқа шығарды. Яғни ақпарат жалған.

Бұған дейін Денсаулық сақтау министрі балаларды COVID-19-ға қарсы вакциналау тек ерікті болатынын және кемелетке толмағандарға ата-аналарының келісімімен ғана екпе салынатынын хабарлаған болатын. Сондай-ақ, егілмеген балалардың білім алуға конституциялық құқығынан айыратыны туралы қауесет негізсіз және шындыққа сәйкес келмейді. Қазақстандық оқушылар вакциналау мәртебесіне қарамастан білім алатын болады.

Шипа болатын жеміс



Жүзімнің әлемде шамамен он мыңдай түрі кездеседі.

Оның құрамындағы магний адам денесіне де, ми-дың тынығуына да оң әсер ететін көрінеді. Ол бауыр ауруларын, анемияны емдеуде жиі қолданылады. Құрамындағы жеміс қышқылдары (тартарик, малик, суксиник, фумарик, пирувик,

гликолик қышқылдары) бүйрек пен ішек жүйесінің жұмысын реттеуде, қанның тазаруы мен майдың еруіне көмектеседі. Дененің вирустарға қарсы тұруын да күшейтеді.

Жүзім адамның иммунитетін көтеріп, жүйкені тыныштандырып, терінің түлеуін арттырады. Сондай-ақ, аллергия мен буындарда тұз жиналуының алдын алуға таптырмайтын жеміс. Жүзімнің құрамындағы табиғи фруктоза денедегі жұмсалатын қуаттың аз уақытта қайта қалпына келуін қамтамасыз етеді.

Жүзім міндетті түрде суық жерде сақталуы тиіс. Тоңазытқыштан алынған жүзімді бір сағаттан кейін жесе, дәмі анағұрлым тәтті болады.

Нұр ЖАМАЛ.



«ЭКОНОМИКАНЫҢ ЛОКОМОТИВІ»

құрылыс саласы цифрландырылады

Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасының басшысы Алмасхан Ахмеджанов Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында бір ай бұрын қабылданған құрылыс салудың жаңа ережелері туралы еске салды. Ол жаңартылған талаптардың артықшылығы және оның мегаполистің дамуына қалай әсер ететінін түсіндірді.



барлық қажетті ақпараттың қолжетімді болуын қамтамасыз ететінін айта келіп: «Енді онлайн-режимде көппәтерлі тұрғын үй кешендері мен жеке тұрғын үй құрылысының жобалары туралы ақпарат алуға болады. Ақпарат онлайн-режимде жаңарады», – деді.

Бұдан өзге, осы порталда барлық қажетті ақпарат бар: құрылыс паспорты, жобаның атауы, құрылысты салушы, кадастрлық нөмір, эскиздік жобаның келісімі туралы мәліметтер, СЖТ бойынша берілген деректер, құрылыстың басталу мерзімі, пайдалануға беру мерзімі, авторлық/техникалық қадағалау, құрылыс алаңы, қабаттар, пәтерлер саны. Карта Алматы қалалық Жоспарлау және урбанистика басқармасының сайтында <http://building.uaig.kz/> жарияланған.

Жаңа тұрғын үй салу қарқыны жоғары

Алмасхан Ахмеджанов баспасөз конференция барысында карантин мен эпидемиологияға қарамастан, қалада тұрғын үй салу қарқыны жоспарланған деңгейде жүріп жатқанын да тілге тиек етті. Тіпті, олар өткен жылғы көрсеткіштен асып түскен.

Спикердің айтуынша, әкімдік Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы

Тегін үй ұсынады



Ақтоқын
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Шаһардағы «Береке City» әлеуметтік жобасы мұқтаж азаматтарға бірнеше жылға тегін үй ұсынады. Басты шарт – бенефициарлардың осы уақыт аралығында жағдайын жақсартуға ұмтылуы. Сондай-ақ, жоба оларға жұмысқа орналасуға көмектеседі. Тұрғын үйде қазір 65 пәтер бар. Онда 50-ге жуық отбасы, шамамен 240 адам тұрады. Пәтер босай салысымен, ол тізімде тұрған келесі бір мұқтаж азаматқа беріледі.

«Мамандарымыз бенефициарларға психологиялық консультация ұсынып, жаңа мамандықты игеруге көмектеседі. Олардың өздері де жағдайын жасауға ұмтылып, бір-екі жыл ішінде өз бетінше өмір сүре алатындай жағдайға жетуге тиіс», – деді «Береке» ҚҚ құрушысы Бағдаш Сүлейменов. «Береке City» тұрғын үй кешенінің бірінші қабатында әйелдерге арналған тігін және тағам пісіру цехы орналасқан. Осы екеуі арқылы әйелдер тапсырыс қабылдап, табыс тауып отыр. Бұдан өзге, тұрақты түрде өзін-өзі дамыту үшін құқық пен қаржы тақырыптарында түрлі тренинг өткізіледі. Балаларға арналған білім орталығы мен дзюдо, бокс секциялары бар.



Бұл бағдарламаға қатысу үшін электронды анкета толтыру қажет. Бірақ анкетаны толтырмас бұрын төмендегі құжаттарды түгендеп аласыз. Олар сұхбатқа шақырылған жағдайда ғана сұралады:

- 1) әр ересек адамның жеке куәлік көшірмесі;
- 2) әр баланың туу туралы куәлік көшірмесі;
- 3) жылжымайтын мүлік жоқтығын растайтын анықтама куәлік;
- 4) наркопсих және тубдиспансерлерден әр ересекке анықтама куәлік;
- 5) жеке тұлғаның заңды тұлғаларға, филиалдар мен өкілдіктерге қатысуы туралы анықтама;
- 6) табыстар туралы анықтама (АӘК, жәрдемақылар, төлемдер, айлық, жалақылар, алимент).

• Осы құжаттар түгел болған жағдайда жобаның Instagram парақшасына кіріп, Taplink гиперсілтемесінің үстін басасыз.

• Тізімде үшінші тұрған «Көмек сұрау» батырмасын тандайсыз.

• Сол жердегі үш бет сұраққа жауап бересіз.

• Анкетаны толтырған азаматтың расымен де көмекке зәру екені анықталған жағдайда сұхбатқа шақырылады. Сол жерде жоғарыдағы құжаттарды ұсыну қажет болады.

Кейін әлеуметтік жоба аясында бенефициарға бірнеше жылға тегін үй ұсынылып, сол жерге ресми тіркеуге тұрады. Сондай-ақ, жоба қызметкерлері азаматтарға белгілі бір мамандықты игеріп, жұмысқа тұрып кетуге көмектеседі. Жуырда осыған ұқсас Halyk Berekesi атты жобаның тұсауы кесіледі. Ол Түркістан, Тараз, Қызылорда, Талдықорған және Шымкент қалаларында жұмыс істейді.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Басқарма басшысы Алмасхан Ахмеджанов жаңа ережелерді қабылдамас бұрын «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы», «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» заңдарға өзгерістер енгізілгенін айтты.

Қаланың сәулеттік келбетін қалыптастыру және қала құрылысын жоспарлау қағидалары қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша дайындалды. Аталған құжаттың жобасы 17 ақпанда Алматының бас жоспарын түзету жобасы бойынша жұмыс тобының талқылауына ұсынылған. Кейіннен жоба (25 наурызда) НҚА порталында жарияланды. Талқылау барысында қала құрылысы қызметінің барлық қатысушыларының пікірі ескерілді. Бұл ретте мегаполистің құрылысы бойынша базалық талаптар сақталды.

«Қала әкімі Бақытжан Әбдірұлы Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша жасалған құжатқа тексеру жұмысы жүргізілді. Алматы тұрғындарын алаңдатып отырған барлық жағдай ескерілді. Сонымен қатар, құрылыс компанияларының заңды мүдделері бар, олар қарастырылуы тиіс», – деді А.Ахмеджанов.

Мемлекет басшысының мегаполисті дамыту жөніндегі тапсырмасына сәйкес, ережелерде Алматының қайталанбас сәулеттік келбетін сақтауға және әрбір қала тұрғынына жасалатын жекелеген сәулеттік ерекшеліктерін ерекше орын берілген.

Интерактивті карта жасалды

Баспасөз конференциясында қалалық Жоспарлау және урбанистика басқармасының басшысы Алмасхан Ахмеджанов Алматыда құрылыс саласы цифрландырылып, барлық деректер Интерактивті бір картаға енгізілетінін хабарлады. Басқарма басшысы Геопортал базасында құрылыс нысандары мониторингінің Интерактивті картасы жасалғанын, бұл ресурс салынып жатқан және салынатын нысандар туралы

КЕРЕК ДЕРЕК

Ағымдағы жылдың қаңтар-маусым айлары аралығында Алматыда 1003,6 мың ш.м. аумақ (бұл 9738 пәтер) пайдалануға берілді. Оның ішінде:

- коммерциялық құрылыс – 638,3 мың ш.м. немесе 7371 пәтер;
- жатақхана ауданы – 10,4 мың ш.м.;
- мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен (жайлы қалалық орта басқармасы) – 104,3 мың ш.м. немесе 1326 пәтер.
- жеке тұрғын үйлер – 1067 (бұл 250 мың ш.м.-ден астам).

жылдың наурыз айында адамдардың жақсы өмір сүруін қамтамасыз ету және барлығы үшін бірдей мүмкіндіктер жасау жөнінде берген тапсырмасын орындауда. «Әр адам үшін бірінші және басты қажеттілік – қашанда баспаналы болу. Президент алға қойған басты міндеттердің бірі – қолжетімді тұрғын үй салу», – деді А.Ахмеджанов.

Айта кетерлігі, Алматы – елімізде тұрғын үйді іске қосу саны бойынша көшбасшы қалалардың бірі. Бүгінде мегаполисте тұрғын үйді іске қосу қарқыны өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 104,9%-ды құрап отыр.

Үйлердің көпшілігі шеткі аудандарда салынады

Статистикада көрсетілгендей, құрылыс саласы белгілі бір қиындықтарға қарамастан, мегаполистің жетекші экономикалық облыстарының бірі болып қала береді. Сондықтан қаламызда жыл соңына дейін 16,7 мың пәтерді пайдалануға беру жоспарланған.

Басқарма басшысы жобалау алдындағы құжаттаманы беру туралы да айтып өтті. 2021 жылдың бірінші жарты-жылдығының қорытындысы бойынша 3296 сәулет жоспарлау тапсырмасы (СЖТ) берілді, 4330 эскиздік жоба келісілді. «Көпқабатты және жеке үйлердің көпшілігі аудандарға қосылған аумақтарда салынатынын айтқым келеді. Бұл «Алматы – шетсіз қала» тұжырымдамасына сәйкес келеді», – деді А.Ахмеджанов. Сонымен қатар, спикер 2021 жылы Алматыда салынған әлеуметтік нысандар туралы мәлімдеді.

«Алматы – шетсіз қала» тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында қаланың барлық аудандарында әлеуметтік нысандар салынууда. Мұндай нысандардың құрылысы әсіресе қосылған аумақтары бар аудандарда қарқынды жүргізілуде. Қазіргі уақытта әлеуметтік мақсаттағы 78 нысанның құрылысы жүргізілуде», – деді А.Ахмеджанов.

Спикер сөз соңында Алматының барлық аудандарында қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасына сәйкес әлеуметтік нысандардың «қадамдық қолжетімді» қағида-тының іске асып жатқанын тілге тиек етті.

КЕРЕК ДЕРЕК

2021 жылы барлығы 55 нысан салынады. Оның 23-і 2022 жылы жалғасады. Қазіргі уақытта тоғыз нысан бойынша жұмыстар аяқталды. Олардың ішінде: Медеу ауданындағы әлеуметтік қызметтер үйі; Наурызбай ауданындағы екі балабақша; Түркісіб ауданындағы «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеу орталығы» ғимаратын сейсмикалық нығайту; Бостандық ауданындағы №71 бөбекжай-балабақшасы, Бостандық ауданындағы №81 мектеп, Әуезов ауданындағы екі бөбекжай мен №6 қалалық емхана сейсмикалық күшейту және күрделі жөндеуден өтті.



ТҰЛҒАТАНУ



КҮЙ ӨНЕРІНІҢ ДҮЛДҮЛІ

*Ұлттық руханиятымызға өшпес із қалдырған дарынды күйші, композитор
Дина Нұрпейісова туралы бір үзік сыр*

«Домбырашы қыз»



Күй өнері – қазақ халқының ең құнды, бағалы мұраларының бірі. Қаны мен жанында күй ойнаған ұлтымыз тума таланттарға кенде емес. Сондай дарын иелерінің бірі – Дина Нұрпейісованың туғанына биыл 160 жыл. Ол Бөкей ордасы, Нарынның Бекетай құмы

жерінде қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген. Әкесі Кенже еркесін домбыра үнімен әлдилесе, анасы Жәниха қызын бесік жырымен тербеткен. Дүние дидарын ашқан сәттен бастап домбыра үніне құлақ құрышын қандырып өскен дарынды Дина бес жасында әкесінің домбырада тартқан күй саздарын пернелерге дұрыс түсіруге әуестене бастайды. Қызының бұл қабілетін аңғарған әкесі де риза көңілмен бар білгенін қызының бойына сіңіруге күш салады. Тоғыз жасында әкесінен үйренген әндер мен күйлерді меңгеріп, домбырада еркін ойнай бастаған Динаны айналасындағылар «домбырашы қыз» атап кетеді.

Күй өнерінде есімі қастерлі Құрманғазы осы ауылға ат басын бұрып, сол сапарында Динаның домбырада ойнауын байқап, әкесіне болашақта қызынан жақсы күйші шығатынын айтады.

«Құрманғазы жақын ағайын болатын, өзі де біздің үйге келіп жүргенде талай рет күйлерін тыңдағам. Бірде әкем Құрманғазыдан менің домбыра тартқанымды өз көзімен көріп, егер өнерім көңілінен шықса, қолұшын беруін өтінді, ұстаз болуын қалады», – дейді бір естелігінде Дина Нұрпейісова.

Ұлы өнермен егіз жаралған жан еді

Сол сәттен бастап Динаның өнердегі алғашқы тұсауын кесіп, ұстаздық еткен Құрманғазы кездескен сайын шәкіртінің домбыра тартысына мән береді. Ол үнемі: «Домбыраны қолыңа алғанда, оны тартпас бұрын, ең алдымен, құлақ күйін келтіріп, әбден баптап ал, тек осындай дайындықтан соң ғана домбыра тартуға кіріс», – деп домбыраның қыр-сырын үйрете бастайды. Ұстазының сөзін ұстаным етіп алған Дина тек Құрманғазының күйлерін тартумен шектелмей, есімдерін ел білетін күйшілер Дәулеткерейдің, Соқыр Есжанның, Әлікей, Баламайсаңдай көрнекті халық композиторларының шығармаларын да нақышына келтіріп орындайды. «Сахнаға шығып бір-екі күй тартқаннан соң-ақ өзімді-өзім ұмытамын. Бусанып тер шығады. Арқам кеңіп, шабытым бәйгеге түскен сәйгүліктің алтын тағалы тұяқтарындай жазылып, құлашым кеңейіп арқаланып кетемін...», – деген екен бір әңгімесінде Дина апамыз. Ол көптеген домбыра сайыстарына қатысып, өнерін үнемі шыңдап отырған.

Дина Кенжеқызы 1880 жылы 19 жасында тұрмысқа шығады. Ұзатылу тойында ұстазы Құрманғазы өзінің жан серігіне айналған домбырасын шәкірті Динаға тарту етеді. Ұстазы шәкіртіне «енді өзін де күй шығарсаң болады» деп батасын береді. Динаның тырнақалды шығарған күйлерінің қатарына «Бұлбұл», «Байжұма», «Жігер» күйлерін жатқызуға болады.

Ашаршылық жылдары Динаның отбасы Каспий теңізі жағалауына көшіп, Астрахан облысы, Марфин ауданы, Козлово ауылында тұрақтайды. 1937 жылы Ахмет Жұбановтың тапсырмасымен домбырашы Смағұл Көшекбаев Динаны Алматыға алып кетеді. Сол жылдың күзінде Алматы қаласында ұлт дарындары бас қосқан екінші республикалық жиында Дина өзінің «Бұлбұл», Құрманғазының «Төремұрат» пен «Қайран шешем» атты күйлерін шебер орындағаны үшін ең алғашқы сыйлығын алады.



Киелі домбыра дүлдүлі

Дина Нұрпейісованың домбырада орындаушылық өнеріне қайран қалған композитор Ахмет Жұбанов: «Дина ұзын да сүйікті саусақтарымен домбыра пернесінде, сазағында небір алысқа пернелер аралықтарын ешбір мүлтіксіз алады. Симфония сазындай сиқырлы әуен 62 тамырыңды бойлата, шымырлата, буырқана небір әсерге түсіреді», – деп күйшінің өнеріне тәнті болған екен.

Осыдан кейін Дина Қазақ филармониясына жұмысқа алынып, оған «Еңбек сіңірген өнер қайраткері» атағы берілді. Осы жылы ол Жамбыл Жабаевпен танысады. Ал 1939 жылы Мәскеуде өткен Бүкілодақтық ұлттық аспапта орындаушылар байқауында бірінші орынды иеленеді. 1944 жылы 83 жастағы Дина Ташкентте өткен Орта Азия республикалары музыкасының 3-ші онкүндігінде өнер көрсетіп, сол жылы «Қазақ КСР-інің халық әртісі» атағын алады.

Д.Нұрпейісова ғұмырының соңғы кезінде шығарған «Той бастар», «Домалатпай», «Науысқы» («Науаи»), «Әсемқоңыр», «Кербез», «Қаракасқа», «Жігер» сынды аса айшықты шығармаларымен өнерсүйер қауымның жүрегінде қалды.

Қазақтың дарабоз, дарынды күйші қызы Дина халық алдына соңғы рет 1952 жылы 91 жасында шықты. Ал 1955 жылдың 31 қаңтарында күйші Алматы қаласында дүниеден өтті.

Бүгінде күйші атында музыкалық мектептер мен көшелер бар. Атырауда Д.Нұрпейісова атындағы облыстық қазақ халық аспаптар оркестрі жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасында күйші Дина Нұрпейісова туралы А.Сейдімбектің «Қазақтың күй өнері» атты монографиясы сақталған. Автор бұл шығармасында қазақ халқының рухани әлемінде айрықша орны бар күй өнерін тарихи және этнографиялық аяда зерделеп, оның өзіндік қалыптасу жолдарын, әлеуметтік өмірмен біте қайнасқан болмысын, сондай-ақ төлтума қасиеттерін нақтылы айғақ-деректерге сүйене отырып саралайды. Ал кітапхана қорындағы Қ.Орынғалидің «Дина күйші» жинағына Дина Нұрпейісованың өмірі мен өнері туралы әр кездері жазылған көрнекті музыка зерттеушілері мен каламгерлердің шығармалары, сондай-ақ күйшінің көзі тірісінде онымен жақын араласқан азаматтардың, ұрпақтарының естеліктері енген. Сондай-ақ, күйтабақтары мен ғұмырнамасы топтастырылып, төл мұрасының үздік үлгілері де берілген.

(Дереккөз: МӘҢГІЛІК ЕЛ АЛЫПТАРЫ. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының қорынан).



«Үздік Азия актері»



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Белгілі актер Еркебұлан Дайыров CANNES FILM AWARDS фестивалінің «Үздік Азия актері» номинациясын жеңіп алды.

«Өзім түсірілім алаңында жүрмін. Бұл жаңалықты Instagram арқылы білдім. Сол жақта белгілеп, құттықтап жатыр.

Басында сенген жоқпын, продюсерлер хабарласып айтты. Сезінуге уақыт болмай, құттықтап жатқан кісілерге рахмет айтумен уақыт өтуде. Бұл бәріміздің ортақ жеңісіміз», – деді Дайыров.

Актер бұл жүлдені режиссер Эля Гильманнның «Подсолнух» («Күнбағыс») фильміндегі рөлі үшін алған. Ол фильмді Эля Гильманнның ішінен шыққан баласына теңеп, барлық жұмыспен режиссердің өзі айналысқанын жеткізді.

Еркебұлан Дайыров 2006 жылдан бері Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ ұлттық академиялық драма театрының актері. 2013 жылы Қазақстан Жастар одағы «Серпер» сыйлығының лауреаты атанды. 2015 жылы Бауыржан Момышұлы атындағы «Намыс» орденінің иегері болды. «Бауыржан Момышұлы», «Анаға апарар жол», «Қазақ елі», «Жұлдыздар тоғысқанда», «Тараз», «Алтын орда» секілді бірқатар фильмде ойнаған.

КІТАП – КӨҢІЛ КІЛТІ

«Теріскей толғаулары»



Танымал күйші, профессор Жанғали Жүзбаевтың «Теріскей толғаулары» атты кітабы жарық көрді.

Ғалым-зерттеуші Жанғали Жүзбаевтың жаңа кітабында даңқты күйші, шертпе күй мектебінің негізін салушылардың бірі Сүгір Әліұлының, сондай-ақ Теріскейдегі Сүгір мектебінің өкілдері – Жаппас Қаламбаев, Төлеген Момбеков, Генерал Асқаров, Файзолла Үрмізов, Ергентай Борсабаев, Атабек Асылбеков, Көбдік Кәрбозов, Қалы Баркиев, ағайынды Сейітхан мен Әлімхан Әлімбеков, Боранқұл Қошмағамбетов, өзге де халық арасынан шыққан талант иелерінің күйлері жинақталған. Олардың өмірінен деректер келтіріліп, күйлері нотасымен беріліп, құнды методикалық жинақ болып шыққан. Кітап «Өзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени

қорық-музейінің қолдауымен жарық көрді.

«Дарақ бір жерде көгереді» демекші, Жанғали Жүзбаевтың күй өнерін қажымай-талмай зерттеп келе жатқанына жарты ғасырға жуықтаған екен. Содан бері ел арасындағы небір інжу-маржан күйлерді домбыра шанағына қаймағын бұзбай түсіріп, кітаптарына арқау етіп, көпшілікке насихаттаумен келеді. «Теріскей толғаулары» кітабына арқау болған ел ішіндегі дүлдүл күйшілер Жанғалидың өзі көрген, жақын араласқан жандар болғандықтан, зерттеуші санасында берік сақталып қалған екен. Міне, енді сол жиған-тергені кітапқа арқау болып отыр. Жанғали Жүзбаевтың жаңа шығармасының құндылығы да осында болса керек.

Өтеш ӨТЕУЛІҰЛЫ.

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

Тыныштық эстетикасы



Алматыда қазақстандық жас суретші Гүлнұр Мұқажанованың жеке көрмесі ашылды.

Жалпы, автор «Тыныштық кеңістігі» деп аталатын көрмеге 14 жұмысын ұсынған. Оның ішінде киізден жасалған бірегей туынды «Постномадтық шындық» картиналар топтамасы бар. Суретші көшпенділердің дәстүрлі кілемдерінен шабыт алған. Ұйымдастырушылардың айтуынша, автор көрмеге бір жылдан астам уақыт дайындаған. Туындыларда меринос жүні мен жібек аралас қолданылған. Барлық жұмыста қолданылған киіздерді Гүлнұр Берлиндегі шеберханасында өзі дайындап шығарады.

Көрменің «Тыныштық кеңістігі» атауына ие болуын Мұқажанованың түрлі тәсілмен әзірленген шығармаларына ортақ тыныштық тақырыбымен байланыстырсақ болады. Тыныштық, үндемеу мәдениеті, жүйенің, басқа жандардың, өзгеше пікірділердің даусын басуға тырысу сияқты терең әлеуметтік мәселелер туындатады. Алайда, тыныштық эстетикасы өнер мен философияда руханилықтың қайнар көзімен, тіршіліктің аз да болса сезімтал, толысқан түрімен байланысты. Көрме қыркүйек айына дейін жалғасады.

Өтетін орны: әл-Фараби даңғылы, Asran Gallery, 140 A/3. Кіру алдын ала жазылу бойынша тегін. Жұмыс уақыты: 12.00-ден 18.00-ге дейін.

Көңілді қонжықтар



Ертегілер әлеміне құштар, ізгілікке сенетін кез келген адам Қуыршақ театрына асығады.

Мұнда адамның жасына қатысты шектеу жоқ. Театрға келуші әр қойылымнан өзі іздеген жан тыныштығын табады,

ерекше көңіл күйге бөленеді. Өйткені, балалар әлемі ең көңілді, ең шынайы әлем. Ал қоғам қашанда осындай тазалыққа құштар. 25 шілдеде болатын қойылымда ағайынды екі қонжық Топ және Топочка жазғы демалыстарын атасы мен әжесінің ауылында өткізеді. Ата-әжесі шаруаларымен сыртқа кеткенде қонжықтар үйде қалады. Бос уақыттары олар қалай өткізеді? Қандай оқиғаларға тап болады? Ата-әжесі екеуін тентек істері үшін жазалай ма? Бұл сұрақтардың жауабын «Көңілді қонжықтар» қойылымынан көруге болады.

Қойылым Мемлекеттік Қуыршақ театрында сағат 14.00-де өтеді. Кіру құны – 1000 теңге.

Ашық аспан астында



Hide Park Almaty «Батыл жүрек» мультфильмін тегін көруге шақырады.

Ғасырлар бойы мифтер мен аңыздар Шотландия тауларының әсемдігімен еліктіріп келген. Шебер садақшы Мерида өмірде өз жолын таңдауға мәжбүр және бір күні ол патшалықтың ежелгі дәстүрлерін ұстанудан бас тартып, күшті шотландтық кландар мен олардың жетекшілеріне қарсы шығады. Мериданың абайсыз әрекеттері патшалықты хаосқа душар етеді. Содан кейін ол эксцентрік гермиттен кеңес сұрайды. Ол Меридаға көмектесудің орнына қауіпті ант береді. Жас ханшайым күшті сиқырды және тау аңғарларындағы ең қорқынышты аңды жену үшін тек өзінің батылдығына сүйенеді. Сол күрес жолындағы қызықты оқиғаларды ашық аспан астында тамашалауға жақсы мүмкіндік.

Hide Park, Тимирязев көшесі, 42/17 мекенжайынан 25 шілде 21.00-де тегін көруге болады.

Әзірлеген Айым НҰРМАН.

ЖАҒАН ЖҰМБАҚТАРЫ

АППАҚ АДАМДАР немесе альбиностар туралы не білеміз?



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Альбиностар – өмірде өте сирек кездесетін, жұмбақ, таңғажайып адамдар. Оларды көп ішінен тану мүлдем қиын емес: шаштары аппақ, денесі де бозарған ақ болып келеді. Кірпік-қастары да дәл сондай. Өзгелерден өзгеше, ерекше нәзік жаратылыс иелері десек те болады.

Үсті-басы түгел аппақ, боп-боз адамдарды бұрын теледидардан көріп қалушы едік, онда да ондай жандар тек шет елдерде тұрады деп ойлайтынбыз. Қазір, әлеуметтік желілердің құдіреті болар, осындай ерекше адамдардың біздің елде де бар екендігін жиі естіп, көріп жүрміз.



Егер қателеспесек, балтырлары ғой деймін, отандық «Евразия» телеарнасынан Нұр-Сұлтан қаласында тұратын Аида есімді альбинос бүлдіршін туралы көрсетті. Тұңғыш ұлдарынан кейін тағы да бала сүюді армандап жүрген отбасында 18 жылдан соң қыз дүниеге келеді. Бірақ ол сәби өзгеше болып туады. Алғашқыда қасы, кірпігі ақ нәрестені көргенде әкесінің есі шығып кеткен көрінеді. Үйіне орала сала телефонынан әлеуметтік желіні ақтарып кетеді. Сонда ғана «альбинос деген аппақ адамдар» туралы біледі.

Бүлдіршін алғаш балабақшаға барғанда оны көрген адамдардың тосырқай қарағанын да жасырмайды. Оларға «Қорықпаңыз, бұл баланың ешқандай жұқпалы не өзгедей ауруы жоқ. Тек көз жанары ғана әлсіз болады жаратылысынан», – деп түсіндіруіне тура келгені бар. Иә, Аида да кәдімгідей қарапайым бала. Билегенді, сурет салғанды жақсы көреді екен. Кішкентай Аиданың әжесі оны әлдебір жерге ертіп шыққанда, құжаттарын да ала жүретін көрінеді. «Кім біледі, оны ұрлап алды деп айта ма? Мен қайдан білейін альбинос дегенді, өзім қартайғанда жаңа естіп жатырмын», – деген болатын әжесі.

Ақтау қаласында тұратын бір үйдегі екі альбинос қыз – Әсел мен Камила да көпшілікке әлеуметтік желі арқылы кеңінен танымал. Бұл шаңырақта екі қыздың ортасында қалыпты туған бір ұл бар.

Камила әзірге кішкентай. Ал Әсел – мақсаты айқын бойжеткен. Қатарлас-тарымен дәстүрлі орта мектепте білім алды. Ерекше қыздың сән көрсетілімдеріне қатысқаны да бар. Тіпті, оның суреттері әлеуметтік желілерге шыға басағанда, оған клипке түсу жөнінде де ұсыныстар болыпты.

Болашақта осы бағытты таңдауы да ғажап емес.

Олар күн астына мүлдем шықпайды. Шыға қалған күнде қолшағыр ұстайды, күн-қағар көзілдірік киеді. Ал кешкілік уақытта өздерін өте жақсы сезінетін көрінеді. Жанбырлы күндер жандарына жақын.

Альбиностардың қатты жарықты, шақырайған күн көзін ұнатпайтын себебі – олардың ағзасында күннен қорғайтын арнайы меланин деген пигмент болмайды. Сондықтан сыртта ұзақ жүре алмайды. Одан бөлек, көз жанарының фокусы нашарлау келеді, күнге тіктеп қарай алмайды. Басқа айырмашылықтары жоқ.

Осы күндері подиумдарға альбиностар да көптеп шыға бастады. Әлем бойынша ең алғашқы альбинос-модель әйел қытайлық Конни Чиу. Ол сән индустриясын жан адамға ұқсамайтын ерекше бітім-болмысымен 25 жасында бағындарған. Ал тұңғыш альбинос-модель еркек Шон Росс деген жігіт.

Бүгінде бразилиялық егіз жасөспірім қыз – Лара мен Мара Баварларды да әлем таниды. Себебі, екеуі де ең танымал сән агенттіктерімен келісім-шартқа отырып, түрлі фотосессияларға қатысып жүр. Олардың әпкелері Шейла кара нәсілді. Ал шешелері Гвинея-Бисаудан келген иммигрант екен. Иә, оларға да айналадағы елдің таңдана қарағаны рас. Тіпті, мектепте оларға жақындауға қорқатындар да болған. Бірақ кішкентай батыл қыздар оларға өздерінің ешкімге ауру жұқтырмайтынын, қалыпты адамдар екенін, бұл тұқым қуалайтын генетикалық ерекшелік екенін айтып түсіндіретін. Егіздің бүгінде Инста-парақшаларында миллиондаған жазылушысы бар.

Иә, альбиностар подиумда, глянец журналдардың мұқабаларында және әнші-

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

АКТОЛҚЫН
ТҮРЛЫҒАЗЫ

«ИГІ ІСТЕР» МАРАФОНЫ

едім. Себебі, олардың қазіргі жағдайы, бала болса да, ауруға қарсы тұратын ерліктері кімді болсын таңдандырмай қоймайды. Өзім басылық ететін мектептерге орталықта ем алушы балаларды тегін білім алуға шақырып, ноутбуктер табыстадық. Менің ойымша, қайырымдылық адам баласын үлкен қуанышқа бөлейтін, иманын күшейтетін тамаша мүмкіндік. Алдағы уақытта жиі-жиі осындай қайырымдылық шараларына атсалысып, қолдау көрсетуді өзімнің азаматтық парызым деп білемін, – деді.

Бүгінде «Ақсай» университеттік клиникасына еліміздің барлық өңірлерінен 6-7 айлық балалардан бастап 17 жас аралығындағы бүлдіршіндер ағылып келеді. Олардың ішінде біразға жуығы аурудың ең күрделі түрімен емделіп жатқандықтан, оқу бағдарламасынан қалып қойып жатқан жайлар бар.

– Бізде диагнозы созылмалы бүйрек жеткіліксіздігінің соңғы сатысы, бүйрек алмастыру терапиясының өмірлік көрсеткіштері бойынша 5–17 жас аралығындағы балалар ем алады. Ұзақ мерзімді ем жүргізілетіндіктен, балалар-



сыйлады. Балдәурендердің ұзақ мерзімді емделуіне байланысты оқу бағдарламасынан қалып қойып жатқанын көріп, оларға аз да болса көмегімізді тигізгіміз келді. Қазіргі таңда олардың аурумен күресіп, оқуда да қалт жібермей оқып жүргенін көріп, дән риза болдық. Болашақта осынау балдырғандардың толыққанды емделіп, еліне елеулі, халқына қалаулы жандар болатынына сенімдімін. Бұндай игі бастамалар алдағы уақытта да өз жалғасын тауып, көмекке мұқтаж жандарға үлестірілетін болады, – деді Мираc Нұрланұлы.

«Игі істер» марафоны аз қамтылған, көпбалалы отбасыларға және жалғызбасты қарттарға азық-түлік жәшіктерін, өмір сүрулеріне қажетті заттарын үлестірумен өткізіледі. Атап өту керек, акция қаламыздың белді де белсенді кәсіпкерлерімен, еріктілермен тұрақты түрде ел бойынша жүргізілуде.

«Zerdesht Innvation school» мектебінің директоры Индира Нұрғалиқызы:

– Орталықтағы ұзақ мерзімді ем алатын балалардың онлайн білім алуына қолдау көрсетуді көптен бері ойлап жүрген

дың білім алуға, мектепке баруға шамалары келе бермейді. Міне, бүгін Наурызбай ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен ем алушы балаларға тегін ноутбук табысталды. Ауруханамызда ғаламтор бар. Негізгі демеуші Индира Нұрғалиқызының мектебінің оқытушылары онлайн білім беруге дайын. Бұл біздің балалар мен олардың ата-аналары үшін өте жақсы, – деді «Ақсай» университеттік клиникасының директоры Есентай Тәжиев.

«Игі істер» марафоны жалпыұлттық жобасы осы жылдың ақпан айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу аясында басталған болатын. Жыл басынан бері елімізде 7918 іс-шара жүзеге асырылды, марафонға 2,5 миллионнан астам азамат қатысты, 167 мыңға жуық азамат атаулы көмек алды. Марафонға #ҚАЙЫРЫМДЫ-ІСТЕРМАРАФОНЫ #МАРАФОН-ДОБРЫХДЕЛ ресми хэштегтерімен әлеуметтік желілерде өз игі істерімен бөлісе отырып, кез келген адам қосыла алады.

ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ ИДЕЯСЫ

Кез келген мемлекет үшін қоғамның тыныштығы мен халқының татулығы маңызды. Әсіресе, мемлекет пен дін арасындағы мәселелер ел азаматтарының назарынан тыс қалмайды. Себебі, көпшіліктің күнделікті өмірінде орын ала бастаған діни қағидаттар мен ұстанымдар адамзат санасының өзгеруіне әкеліп соғады. Әрбір азаматтың қандай дінді ұстанса да өз еркінде екенін біз конституциялық құқығымыздан білеміз. XIX ғасырдың соңынан басталған дінді мемлекеттен бөлу процестерінің өзінен діннің қоғамдық санаға тигізетін тікелей әсерін жокқа шығару мүмкін емес. Сондықтан бұл бағытта әрбір мемлекеттің кешенді қалыптастырған саясаты болу қажет. Осы орайда, Қазақстан зайырлы дамуды негізгі бағыт ретінде алды.

Діндарлығы жыл сайын артып келе жатқан азаматтарды бұл зайырлылық еш үркітпеуі керек. Себебі, мемлекет дінді ұстануды шектеп тұрған жоқ. Қайта осының астарынан шығатын түйткілді мәселелерді шешу, дін төңірегінде пайда болуы ықтимал қақтығыстарды болдырмаудың алдын алуда.

Қоғамның мемлекеттік типі зайырлы болып қалыптасуы үшін мемлекеттік билік пен діннің, діни ұйымдардың арасындағы байланыстар барынша бір жүйеге келтірілуі керек. Еліміздегі мәдени-рухани, саяси-әлеуметтік қарым-қатынастарды реттеуде халыққа ұсынылған рухани бағдарламалардағы діннің мәні діни жағдайды реттеудегі өзекті мәселелердің бірі екендігін көрсетеді.

Әлемдегі жаһандық процестер аясында өмір сүрудің тиімді әрекеттерін қарастырған кезде мұсылман елдерінің бұдан зиян көрмейтіндігі сөзсіз, алайда ол үшін жаһанданудың басқа субъектілерімен ұқсас стратегия қалыптастыру қажет. Осындай әдіс аясында Батыстың мұсылман әлемінің рухани ұлттық құндылықтары мен әлеуметтік бірліктерінің бұзылуынан мазасыздануы айқын жағдай, себебі ешбір ұлт осы процесс салдарынан болатын қауіп пен мүмкіндік-

терден сақтандырылмаған. Сондықтан да зайырлылықты ұстанатын ел үшін, оның азаматтарының ешбір құқықтары шектелмей, еркін өмір сүруі мен ар-ождан еркіндігін жүзеге асыру өте маңызды мәселе. Қоғам әртүрлі көзқарастармен ерекшеленетін адамдар тобының біртұтас бірлестігі болатын болса, сол тұтастықтың қауіпсіздігі мен бүтіндігін сақтайтын ол әрине, мемлекеттік идеология.

Мемлекеттің күш-қуаты мен ғылым-білімін қалыптастыруда сауатты өмір салтын жасау қажет. Әлеуметтік жағдайы жақсы, білім беру саласы жоғары болған елдің болашағы жарқын. Әлеуметтік бағдарламалар мен білім процестеріндегі діннің алатын өзіндік орны бар. Діни білім беру арқылы зайырлылық қағидасын ұстап, оның біз үшін керекті жақтарын ашып, оны мәселеден туындайтын міндеттерді анықтау зайырлы қоғамның қазақстандық болмысын көрсету болмақ.

Біздің мемлекетіміздің Конституциясында көрсетілгендей, зайырлы мемлекет ретінде бізде белгілі бір дін үстемдікке ие емес. Заң алдында барлығы бірдей және «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңына сәйкес діни бірлестіктер өз қызметінде құжатта көрсетілген ережеге сәйкес әрекет етуде. Діни түсініктердің дұрыстығын қадағалап, түсіну үшін мемлекет тарапынан білім беру жүйесінде бірқатар өзгерістер болып, нәтижесінде дінтанушы мамандарды дайындау қолға алынып, оның алғашқы топ өкілдері халықтың діни білімін жетілдіру жұмыстарына араласып кетті.

Зайырлы мемлекет болу – діннен алшақтау емес, қайта қоғамның үйлесімді дамуына серпіліс беру болып табылады. Әрбір азамат өзінің құқықтары қорғалған, ұлтына, ұстанған дініне, нәсіліне қарамастан бәрі бір шаңырақтың астында екенін сезінуі осының көрінісі.

Мархаббат НҰРОВ,
гуманитарлық ғылым магистрі.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

БАҒАЛАНБАЙТЫН БАЙЛЫҚ

Әсел
ДАҒЖАН

«Егер сен бұрын болмаған елге барсаң, қайтарда сен басқа адам болып ораласың» деген сөздің жаны бар.

Жақында Біріккен Араб Әмірліктерінің Дубай қаласына екінші рет жол түсті. Ми қайнататын ыстығымен қоса, демалайын десең ауа жоқ, не үп еткен желі жоқ, түріктердің бу моншасына кіріп кеткендей сезімде болдық. Көшеге шықсаңыз, сөздің тура мағынасында мүлдем ауа жоқ, ғимараттардың бәрінде толықтай кондиционер жұмыс істеп тұр. Дәл осы кезде ғана жылдың төрт мезгілін көріп жүрген біз қандай бақытты едік дегенді жан-дүниеммен сезіндім. Шынымен тәуба, шүкір деп қуанып қалдым. Әйтпесе, бұған дейін «жыл бойы жаз болып тұрса, жақсы емес пе» деп ыстық елдерге қызыға қарайтынмын. Бірден сол ойымнан айныдым. Алматының сары күзі, әппақ қысы мен жаңбырлы көктемі, қапырық жазын көріп жүрген біз бақытты екенбіз. Жыл мезгілдерінің өзі біз бағаламай жүрген байлығымыз екен. Бәлкім, Дубайға жні баратын кәсіпкерлер мен өнер адамдары қаланың заманауи келбеті мен техникалық жетістіктеріне мән беретін шығар. Ол жағына алып-қосар сөзім жоқ, жасанды интеллекті іс жүзінде қолданып, пайдаға асырып отырған ел ретінде бізден оқ бойы озып кеткен. Біз бүгін ол жағына акцент бермейміз. Бірақ Дубайды аралап жүрген екінші күннің өзінде-ақ көше, сауда орталықтары, қонақүй дейсіз бе, адам көп болғанымен, кіл эйнектермен тұрғызылған қала жарқырап, жанып тұрса да, жаны жоқ сияқты көрінген. Расымен, қала қаңырап, бос тұратын сияқты. Сөйтсек, Дубайдың өзінде тұратын жергілікті халқы өте аз, он пайызға жетер-жетпес қана тұрады екен. Көпшілігі Еуропа елдеріне көшіп кеткен. Дубайдың метросына отырып, қаланың іші мен үлкен сауда орталықтарын аралаған



кезде онда туристер мен жұмыс істеуге келген шетелдіктердің саны жергілікті халқы – арабтардың өзінен көп екеніне көзім жетті. Сонда мені таңқалдырғаны – қанша жерден жұмыс істеуге келген шетелдіктер көп жүрсе де, олар бәрібір қалаға жан беріп, тірілте алмайды екен. Парадокс деп ойлайтын шығарсыз, бірақ әрбір қалаға тек өзінің жергілікті тұрғыны ғана жан береді. Дубайда халық көп жүрсе де, қала қаңырап бос тұрған сияқты көрінгені бекер емес екен.

2016 жылы көктемде Стамбулға барған кезім есіме оралды. 20 миллиондай халық тұратын қаланың энергетикасы шынымен керемет. Азаны шақырылып, қазаны қайнап жатқан қызу тіршілік. Қала ішінде жүріп қай жакқа бұрылсаңыз да, ескі тарихи мешіттер. Жергілікті халқы да, туристер де көп. Ең бастысы, қаланың жаны бар, бір барған адамды екінші рет өзіне қайта баурап тартып тұрады.

Яғни әрбір қала, мегаполис өзінің жергілікті халқымен ғана тартымды. Әрбір қалаға өзінің халқы ғана жан бере алады екен. Туған жер, туған топырақтың ыстық болатынының мәнісі де осында болса керек...



ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫСҚА НАРАЗЫ



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Жақында редакциямызға бір ана келді. Қабағы қатулы, жүзі солыққы. Басына түскен ауыртпалықтан әбден мезі болып шаршағандығы түрінен-ақ көрініп тұрды. Тура үйінің қасында салынған заңсыз құрылыспен күресемін деп бармаған жері, баспаған тауы қалмағандай. Бұл мәселені кезінде қаншама БАҚ құралдары көтергенімен, еш нәтиже шықпай отыр. Енді осының барлығын арыз берушінің өз аузымен баян етсек.

Біз бұл мәселеге байланысты арнайы фотографпен бірге Төле би көшесіндегі №26, 28, 30 үйлерге барып қайттық. Шынында да жағдай мез емес. Шаһар тұрғындары бұдан әбден шаршаған. Жұртшылық қатты қойылған музыкадан, тамақ пен темекінің иісінен зардап шегіп отыр.

Бір өкініштісі, аталмыш үйлерге іргелес салынған мейрамхана құрылысы заңсыз жүргізілген. Бұған қатысты қалалық сәулет-құрылыс басқармасы заң талаптарына сай келмейтін ғимаратты бұзу туралы сотқа арыз берген. Сот та басқарманың талаптарын орындауға қатысты шешім шығарған. Дегенмен, бүгінге дейін сот шешімі орындалмай отыр.

«Кальян тартады. Музыка түнімен ұйқы бермейді. Балалар алаңында арақ ішеді. Біз де өмір сүруіміз керек қой, бала-шағамыз да тыныш ұйықтағысы келеді», – дейді Сүйімхан Омарова.

Бірден төртінші қабатқа дейінгі аралықтағы балкондарға мейрамхананың бу, түтін шығатын қазандық құбырлары тақай салынған. Қанылтыр темірлер терезені жауып, көпті қараңғыда қалдырып отыр.

Жалпыға ортақ заңның күші бұл мейрамхананың қожайынына келгенде қауқарсыз секілді. Төрт қабатты құрылыс нысаны ешқандай рұқсат құжатынсыз салынып, қаншама жылдан бері тұрақты жұмыс жасап келеді. Биліктің ескертпесін



Сүйімхан ОМАРОВА, арыз несі:

– Мен өзім журналистпін. Кезінде Д.Қонаевтың атынан жас маман ретінде екі бөлмелі үй алдым. 1964 жылы «Дәуір» баспасы журналист, ақын-жазушыларға Төле би көшесі №26, 28, 30 үйлерді сыйға берген еді. Ұлы тұлға Қонаевтың атынан «Дәуір» баспасы берген №28 үйде күні бүгінге дейін тұрып жатырмын. Зейнетке шығып, бала-шаға, немерелердің ортасында отырмыз. Алайда, 2013 жылдан бері бақандай 8 жылға дейін қараңғы қапаста қалдық. 2013 жылы үйіміздің қасындағы телефон жөндейтін екі қабатты ғимаратты «Қамқор-центр» ЖШС жалға алып, оны төрт қабат қылып жөндеп, жынайнаққа айналдырып отыр. Қазір тереземізді аша алмай қалдық, олар қызыл сызықта тұрғанына қарамай, терезелеріміздің алдына өндірістік желдеткіштер, генераторлар орнатып, оның гүрілдеген шуы миымызды жеп қойды. Онымен қоса, темекінің түтіні мен асуден шыққан жағымсыз иіс қолқаны қабады. Бұл, әсіресе, қарт адамдарға қиын болып жатыр. Кішкентай бесіктегі балалар да дарылдаған мотордың шуылынан ұйықтай алмайды. Оның үстіне, түндегі мастардың айқайы мен төбелесі де жүйкемізді жұқартып бітті.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

елемей, соттың үкімін керек қылмаған кәсіпкердің бұл алаңы көпшілік жүретін жол мен қызыл сызықтың үстіне орналасқан екен.

Бір қызығы, сот шешімі неге дер кезінде орындалмайды? Сот шешімі орындалуымен құнды емес пе? Егер ол орындалмайтын болса, қылмыстық жауапкершілік қарас-

тырылмай ма? Бұл ретте сот шешіміне пысықырып қарамайтын дәкейлерге нендей шара қолдану керек?

«Егер сот шешімі заңды күшіне еніп, ол қасақана орындалмаса, онда айыпталушы қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Мүдделі адам «сот шешімі күшіне енді,



ешқандай кедергі жоқ, бірақ ол орындалмай отыр» деп айыпталушыны қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы прокуратураға арыз беруі керек. Мұның соңы, осылайша жүзеге асуы тиіс. Өкінішке орай, сот тәжірибесінде мұны көп қолданбайды да, осының салдарынан кейбіреулер есіріп кетіп, соттың шешіміне пысықырып та қарамай қояды. Тіпті, кейде сот орындаушыларының өздерінің арнамысына тиіп, қарсылық көрсетіп, оларды да жүргіргізіп әбегерге салады. Сондықтан заңды қолдану керек. Сот шешімін орындамаса, жауапкерді қылмыстық жауапкершілікке тартып, оны бұқаралық ақпарат құралдарында жария етуіміз қажет. Сонда ғана бұл мәселе жөнге келеді», – дейді заңгер Ермұхамед Нұржанұлы.

Өзін өзгеден жоғары қойған қожайын мен мейрамханаға келген қонақтар көліктерін жолға екі қатардан қойып, апаттық жағдай мен өзге жүргізушілерге қолайсыздық тудырып келеді. Күндіз күлкі, түнде ұйқыдан қағылған тұрғындардың шағымына аудандық әкімдіктің әмірі жүрмей келеді.

«Биылғы Рамазан айында вирустан бір көршіміз қайтыс болды. Мына жерде адам өліп, жұрт қайғырып жатса да олар бұған пысықырып та қараған жоқ. Музыкасын

бақыртып қойып, арақ-шарап ішкен қонақтар ха-ха-халап күліп отырды. «Қой» десек те, мән бермеді. Осылайша пандемия салдарынан барлық кафе-ресторандар жабылғанымен, бұл мейрамхана жұмыс істеп тұрды. Сегіз жылдан бері көрген күніміз – осы! Енді міне, олардың бұл жерді жалға алған келісім-шартының уақыты бітті. Бірақ сонда да жұмысын тоқтатқан жоқ. Осы уақытқа дейін келісім-шартымыз бар деген соң, «жарайды» деп келіп едік. Бұдан кейін де жұмысын жалғастырып отыр. Ендігі сылтауы, «кәсіпкерлерді тексеруге мораторий жарияланған», – дейді. Сонда біз қашанғы шыдауымыз керек?», – деп ашынады №28 үйдің тұрғындары.

Негізі, тұрғындар мен кәсіпкерлер арасындағы дау-жанжал Алматыда жиі болып тұрады. Бірақ елімізде шағын және орта бизнес нысандарын тексеруге бірнеше рет мораторий жарияланған. Өкінішке орай, осы жағдайдан кейін көптеген кәсіпкерлер тіпті қарапайым нормалар мен ережелерді ескермейтін болды. Енді мораторий енгізілді екен деп, кәсіпкерлер білгенін істей беруіне бола ма? Азаматтардың тұрғын үйлердегі қауіпсіз және қолайлы өмір сүру ортасына деген конституциялық құқы қашанғы таптала бермек?..

P.S.:

Біз құқықтық мемлекетте өмір сүріп жатырмыз. Сондықтан әрбір азамат мемлекет заңдарын сақтауға, сот шешімін орындауға міндетті. Біз әлі бұл тақырыпқа қайта оралып, істің заңды шешілуін қадағалай отырып, оқырмандар назарына ұсынатын боламыз.



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Алматы қаласында қаңғыбас адамдар көпқабатты үйлердің жертөлесін пайдалануда. «Мамыр-2-4» ықшамаудандарында орналасқан үйлердің жертөлелерін үйсіздер жаппай мекен етіп алған. Алайда, шақырылмаған көршілерге үй тұрғындары наразы. Айтуларынша, жертөлелі паналаушылар сол жерде дәрет сындырып, ішімдік ішіп, шу шығаратын көрінеді. Ал жағымсыз иістері 1-қабат тұрғындарын мазалап келеді. Тіпті, жертөлелерден қаңғыбастардың өлі денелері табылған кездер де кездескен екен.

– Жертөлелің есігі үнемі ашық тұрады. Балаларымыз есік ашық тұрғасын, қызық көріп кірген екен. Ішінде ішімдіктің қалдықтары, сынған әйнектер, инелер толып жатыр. Балалар байқамай инемен ойнап коюы да мүмкін ғой. Баланың аты – бала. Кірме десек те, қызық көріп кіреді. Қаңғыбастар жертөлелің ішінде дәрет сындырады. Жағымсыз иісінің салдарынан есік алдында отыра да алмаймыз. Өзіміздің, балаларымыздың қауіпсіздігі үшін жертөлелерді тазалау керек деп ойлаймын, – дейді «Мамыр-2» ықшамауданының тұрғыны.

– Осыдан бір апта бұрын аулаға көрпе мен киімдерімізді жайып қойғанбыз. Кешке кіргізіп алайық десек, аулада жоқ, ұрлап кетіпті. Кейін жұмыстан қайтып келе жатқанда, ақ жейдеміз киіп алған қаңғыбастың жертөлелігі кіріп бара жатқанын көрдім. Кіркір болып жыртылған екен. Басында менікі емес те шығар деген оймен, сосын тексеріп көрейінші деп, ертеңгі күні күйеуімді ертіп алып жертөлелігі кірсек, ұрланған көрпелерімізді тауып алдық. Бірақ қайтып алып,

ЖИІРКЕНІШТІ ЖЕРТӨЛЕЛЕР

Көпқабатты үйлердің жертөлесі қаңғыбастардың мекеніне айналған



пайдалана алмадық. Амалсыздан, сол жерде қалдырдық. Қазір аулаға киім жаймайтын болдық, – дейді «Мамыр-3» ықшамауданының тұрғыны.

ЖЕРТӨЛЕЛЕР КІМГЕ ТИЕСІЛІ?

Қазіргі таңда көпқабатты үйлердің жертөлелері не қаңғыбастардың панасына, не кәсіптің көзіне айналып кеткен. Жалпы, көпқабатты үйлердің жертөлелері кімге тиесілі? Жертөлелерді шақырылмаған қонақтардың мекендегені заңды ма? Бұл туралы заңгер-адвокат Мадияр Замандыұлынан сұрап көрдік.

Заңгердің айтуынша, Алматы қаласындағы бірқатар жалпыұйлік мүлікке жертөле, кіреберістер, қасбет, шатыр, лифтілер, баспалдақтар және үй маңындағы аумақ қосылуы керек.

– Кондоминиум объектісін тіркеу болмағандықтан, тұрғындарға жертөлелерді пайдалануға тыйым сала алмайды. Сондықтан жертөлелерге немесе үйдің барлық тұрғындары құқығы бар басқа мүлікке қатысты қабылданған барлық шешімдер кооператив мүшелерінің жиналыстарында қабылданған жағдайда ғана жарамды. Мұндай құқық «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 42-1-бабында көрсетілген.

P.S.:

Алматы қаласында панасыз адамдарға арналған әлеуметтік бейімдеу орталығы бар. Онда маскүнем, қаңғыбастарға жататын орын табысталып, тегін ас та беріледі. Ал көпқабатты үйлердің жертөлелері үй тұрғындарына тікелей тиесілі. Сондықтан әркім өз сойылын соққаны дұрыс.

Онда ортақ мүлікті басқаруға, ұстауға және күрделі жөндеуге жарналардың мөлшерін бекіту үшін үй пәтерлері мен үй-жайлардың иелері жиналысының міндетті түрде мақұлданыуы талап етіледі. Сондықтан егер тұрғындар жертөлелерде қаңғыбастардың мекендеуіне қарсы болса, онда тұрғындар заңды түрде оларды қуып шығуға толық құқылы, – деп түсіндірді заңгер.

Ал үй жертөлелерін кәсіп көзіне айналдыруға байланысты Мадияр Замандыұлы үй тұрғындарының келісімінсіз жертөлелерді сатуға, жалға беруге болмайтынын айтады. Және сатудан немесе жалға беруден түсетін барлық ақша үйдің қажеттіліктеріне салынуы керек.

– Егер үйдің барлық тұрғындарына ескертілместен тиесілі шатыр, жертөле немесе басқа мүліктер жалға берілсе, онда олар бұл мәселені сот арқылы шешуге құқылы. Үй-жайды жалға алу заңды деп танылуы үшін пәтер иелерінің 2/3-і осы шешімді мақұлдауы тиіс. Егер сату туралы айтатын болсақ, онда барлық үй иелері өздеріне тиесілі аумақты сатуға өзара рұқсат беруі керек, – дейді сарапшы.



ЕКІ АЙ ТЕГІН КУРС

Еліміздің мұғалімдері жазда да білімін жетілдіретін болды. Білім және ғылым министрлігі мектеп педагогтері үшін тегін цифрлық курстар әзірледі.

Онлайн-курстар 2 тамызда басталып, 31 қазанға дейін жалғасады. Бұл курстарға педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің де қатысуына болады. Жалпы, министрліктің мұндай қадамға баруына пандемия жағдайындағы мұғалімдердің ролі, қоғамдағы орны мен қызметі ықпал еткен сынайлы.

— Цифрландыру заманында мұғалімдердің IT құзыреттіліктерін арттыру қажет. Еліміздегі екі айлық курс педагогтердің цифрлық дағдысын жетілдіруге бағытталған. Оның бағдарламасы Еуропалық білім қорымен бірлесіп әзірленді. Сарапшылар бейнепедагогика негіздері бойынша сессия өткізіп, бейне-материалдар жасау бойынша өз әдістемесімен бөліседі. Курс білім және ғылым министрлігінің www.edu.kz платформасында орналастырылады. Сондай-ақ, Microsoft Kazakhstan, Bilim Media Group және Kundelik оқыту курсы аясында педагогтерге арналған бейнедәрістер әзірленді, — дейді ҚР БҒМ «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының басқарма төрайымы Әсел Мұхаметжанова.

ӘЛЕМГЕ АШЫЛҒАН ТЕРЕЗЕ



Қазіргі кезде шет тілінде, тіпті бірнеше тілде еркін сөйлейтіндерге еш таңданбайтын болдық. Өйткені, адамдардың өмір сүру дағдысы, ақпаратты қабылдау тәсілі өзгерді. Қытайдың «бір тіл білсең, бір адамсың, бірнеше тіл білсең, көп адамсың» деген тәмсілі тегін айтылмаса керек.

Дегенмен, «оқыту тәсілдерін өзгерту қажет. Шет тілін ерте үйрену мектепке дейінгі білім беру мазмұнын қиындатады, зиянды жағы бар. Жас баланы балалық шақтан айырады. Бала алдымен өз тілін жетік меңгеруі керек» деген пікірлер айтылуда.

Акерке АЙДАРҚЫЗЫ, француз тілінің маманы:

— Бірнеше тілді жетік білетіндер тапсырмаларды оңай орындап, әртүрлі мәселені бірден шеше алады. Сонымен қатар, олар күтпеген өзгерістерге тезірек және оңай бейімделеді.

Көптілді ортада өскен балалардың есте сақтау қабілеті бала кезінен ана тілін ғана еститіндерге қарағанда әлдеқайда жақсы дамиды. Сонымен қатар, бұл олардың ойларында оқудың және басқа да осыған ұқсас дағдылардың бар екенін білдіреді.

Онлайн-курс барысында қазақстандық мұғалімдер Финляндия мен Оңтүстік Кореяның білім беру процесіне инновациялық технологияларды интеграциялау тәжірибесімен танысып, цифрлық білім беру технологияларын пайдалана отырып, сабақты жобалау әдістемелерін үйренетін болады. Сондай-ақ, еліміздің педагогтері ActivStudio, Pictochart, Jamboard, Prezi, Flippity сандық бағдарламаларын кәсіби түрде меңгеріп, ұлттық білім дерекқорының ресурстарын пайдалануды үйренеді.

Білім министрлігі қосымша білім беру педагогтері үшін де курстар ұйымдастырып, қазіргі таңда 2000-ға жуық ұстаз біліктілігін арттырды. Оларға арнайы жетекші ғалымдардың, оқытушылардың және практик-педагогтердің арнайы мастер-кластары ұйымдастырылды.

— Курстың әрбір қатысушысы өз тәжірибесін басқалардың нәтижелерімен салыстырып, өз жұмысының бағасын білуге, сондай-ақ әріптестерінің, ғалымдардың, әдіскер-практиктердің кеңестері мен ұсынымдарын тыңдауға мүмкіндік алды, — дейді Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының директоры Раиса Шер.

Алайда, түрлі зерттеулер жүргізген ғалымдар шет тілі сабақтарын дұрыс ұйымдастырған кезде балалардың ойлау қабілеті жақсы дамып, олардың білімі мен мәдени деңгейінің жоғарылағанын анықтаған. Қазіргі ғалымдар ерте кезден шет тілін үйрену баланың дамуы үшін пайдалы әрі артықшылықтары болады деп сеніммен айтады.

Ғалымдар көп тіл білген адамның ми жұмысы жақсарып, дәлірек айтқанда, гиппокампус және ми қыртысының кейбір бөліктерінің жұмысы артқанын анықтаған. Мәселен, кәсіби аудармашылардың миын үш ай бойы зерттегенде олардың миындағы сұр заттың көлемі ұлғайғанын байқаған. Тағы бір ерекшелік, зерттеуге қатысушы көп күш жұмсаған сайын соғұрлым сұр зат көлемінің ұлғая түскенін байқаған. Жалпы, бірнеше шет тілін меңгеру кез келген адамды Альцгеймер синдромынан құтқарады. Шет тілін меңгергендердің музыкалық қабілеттері де жоғары болады.

Шет ел тілін меңгерген адам бір дыбыстың бірнеше дыбыс беретінін бірден байқайды. Қытай тілін оқитын еуропалық адам «с» дыбысының мүлдем басқа үш дыбыс болып шыққанына таң қалса, орыс тілін меңгерген қытайлық интонацияның өзгеретіндігін анықтаған. Шет тілін меңгерген адам дыбыстарды жақсы танығандықтан, музыкалық аспаптарды игеруде айтарлықтай жетістіктерге жетеді. Дыбыстарды тандудың негізгі жұмысын есту мүшелері емес, ми жасайды.

Мәлдір МҰРАТҚЫЗЫ, тіл маманы:

— Бірнеше тілді меңгерген адамдардың өз ана тілін нашар білетіні шындық. Өйткені, олардың ана тіліндегі сөздік қоры аз болады. Сонымен қатар, араласатын ортасы да шағын болып келеді. Көбіне шет тілін ел көру, жер көру үшін үйренгісі келетіндер де бар. Алайда, көп тіл білгенге әлемнің бірнеше есігінің ашық екенін ұмытпау керек. Қазір шет тілін үйренуге барлық жағдай бар. Кем дегенде, екі тіл үйренсеңіз, сіз екі адамсыз!

САПАЛЫ ОҚУЛЫҚ СТАНДАРТЫ

Оқулықтың сапасы мен мазмұны туралы әңгімеге әлі күнге дейін нүкте қойылған жоқ. Кейбір оқулықтардағы теріс ақпараттар мен қателерге қатысты сын да, мін де көп. Білім және ғылым министрлігінің мәліметінше, дәл қазір оқулықты әзірлеу мен оның сапасын сараптауға қатысатын мамандар біліктіліктерін арттыру үшін арнайы курстардан өтіп жатыр. Осыдан біраз уақыт бұрын ведомство халықаралық консорциуммен бірлесіп, оқулық дайындауға қатысы бар мамандармен арнайы тренингтер өткізді. Ендігі жерде отандық мамандар оқулық әзірлеу мен сараптаудың халықаралық тәжірибесімен танысуға мүмкіндік алып отыр. Сондықтан Білім министрлігі осындай жолмен болашақта елдегі оқулықтарды тексеру тәсілін жетілдіруге болады деп үміттеніп отыр.

Жалпы, еліміз бойынша дәл бүгінге дейін Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығының 40

жетекші сарапшысы аталмыш курстан өтті. Білім мазмұнын сараптау республикалық ғылыми-практикалық орталығы директорының орынбасары Мәншүк Мұқаметқали:

— Мектеп оқулықтары оқушылар мен ата-аналардың сұраныстарына лайықты болу керек. Сондықтан біз қазақстандық оқулықтарға қатысты шағымдар санын азайту үшін жоспарлы түрде жұмыс жүргізетін боламыз. Сонымен қатар, шетелдік мамандардың да тәжірибелерімен танысып, оқулықтарды бағалау әдістемесін тәжірибеде қолданатын боламыз, — деді.

Арнайы курста оқып жатқан оқулық сарапшылары авторларға қойылатын жаңартылған талаптармен, мектепте оқылатын пәндер бойынша оқулықтарды бағалау әдістемесі және критерийлерімен танысатын болады. Сондай-ақ, басқа елдердің электрондық оқулықтарын сараптау тәжірибесін талдай отырып, өз біліктіліктерін арттырады.

Әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



«ШІЛДЕХАНА, БЕСІК ТОЙ»



Әсел
ДАҒЖАН

Биылғы жылдың бірінші тоқсанында елде 100,5 мың бала дүниеге келген. Бұл — соңғы жылдардағы тиісті кезеңге сәйкес ең жоғары көрсеткіш.

«2020 жылдың осыған сәйкес кезеңімен салыстырғанда туғандар санының өсуі 8,4%-ды құрайды», — дейді Rapking сарапшылары. Мәселен, өткен жылдың бірінші тоқсанында ҚР-да 92,7 мың сәби дүниеге келген — бір жыл бұрынғы дерекпен салыстырсақ, 0,8%-ға ғана артық; 2019 жылғы «карантинге дейінгі» ұқсас кезеңде барлығы 91,9 мың бала болды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 0,8%-ға аз.

«Жалпы, елдегі беби-бум қатарынан

үшінші тоқсанға созылуда, яғни 2020 жылдың үшінші тоқсанынан бастап бірден 116,7 мың сәби дүниеге келді. Бұл бір жыл бұрынғыға қарағанда 8,4%-ға көп. Осыған ұқсас жағдай 2020 жылдың төртінші тоқсанында да болды: 111,7 мың туған «карантин балалары» — өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда рекордтық 9,5%-ға көп», — деп хабарлады сарапшылар.

2020 жылы елімізде 425 мыңнан астам кішкентай қазақстандық дүниеге келсе — бұл бір жыл бұрынғыға қарағанда 6%-ға артық. 2019 жылы 2018 жылға қарағанда туғандар санының өсуі бар-жоғы 1,3%-ды құраған.

Еліміздегі халық саны ағымдағы жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша 18,94 миллион адамға жетті.



«Almaty akshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«ПРОЕКТ КОФЕ» КОМПАНИЯСЫНА:

— еден жуушы;
— ыдыс жуушы;
— инженер-электрик керек.
Тел.: +7 705 569 14 48.

«ЛАДА» ЖК-ға:

— подъездерді тазалаушылар қажет.
Тел.: +7 707 472 47 28,
+7 747 305 51 32.

«ЕДІЛ-СЕКЬЮРИТИ» ЖШС-ҒА:

— күзетшілер қажет
Тел.: +7 708 255 67 23.

«ALMATY-RESORT» ШИПАЖАЙЫНА:

— ыдыс жуушылар;
— горничныйлар;
— клинерлер;
— даяшылар;
— аспаздар;
— ағаш ұстасы;
— тігінші;
— құрғақ тазалау (химчистка) қызметкері керек.
Тел.: +7 701 794 90 56.

«Мастер Град» КОМПАНИЯСЫНА:

— сатушы-кеңесші қажет.
Тел.: +7 701 924 31 93.

«ПЕРВОМАЙСКИЕ ДЕЛИКАТЕСЫ» КОМПАНИЯСЫНА:

— қаптаушылар;
— жүк тиеушілер қажет.
Тел.: +7 777 970 70 29.
Іле ауданы, Абай кенті, «Первомайка».

«Hawaii Miami» АКВАПАРКИНЕ:

— судағы қауіпсіздік бойынша нұсқаушылар;
— массажшылар;
— раннерлер;
— сатушы-кассирлер;
— даяшылар;
— клинерлер;
— хостес керек.
Тел.: +7 771 104 01 39,
+7 771 104 01 06.

ЦЕХҚА ҚАЖЕТ:

— дәнекерлеуші;
— слесарь;
— жұмысшы керек.
Тел.: +7 701 924 31 43.
Сейфуллин даңғылы, 455-үй.

САУДА КОМПАНИЯСЫНА:

— есепшінің көмекшісі қажет.
Тел.: +7 701 717 49 83.

«Фирма «Мета» ЖШС-ға:

— экспедитор-жүргізушілер;
— жүк тиеушілер;
— бухгалтер-кассир қажет.
Тел.: +7 (727) 233-05-08,
+7 747 172 92 17.

«Искер» ЖШС-ға:

— жол жұмысшылары қажет.
Тел.: +7 775 718 23 32.

«СКЛАД ОВ» ЖШС-ға:

— әртүрлі жұмыстарға жұмысшы;
— сырлаушы керек.
Тел.: +7 771 506 79 93.

СӘТТІЛІК ТІЛЕЙМІЗ!



ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

**2021 жылға
«Almaty aqshamy»
газетіне
бес айға жазылу
жүріп жатыр**

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен әрдайым
БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

**«ALMATY AQSHAMY»
ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:**

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 5 айға 3002,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге, // 5 айға – 8102,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге, // 5 айға – 2202,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-61.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ыстық су өшіріледі



Әсел
ДАҒЖАН

Жетісу ауданындағы бірнеше ғимаратқа ыстық су уақытша берілмейді.

«Алматы жылу желілері» ЖШС-ның хабарлауынша, ыстық су 26 шілде мен 18 тамыз аралығында өшіріледі.

– Ыстық су Жетісу ауданы аумағындағы Первомай мұнай

базасы – Геологтер көшелерінің контуры, сондай-ақ «Көкжиек» ықшамауданында орналасқан тұрғын үйлер мен бірнеше ғимараттарға берілмейді», – деп хабарлады компания мамандары.

Қазандықта жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты осындай шектеулер енгізіледі. «Алматы жылу желілері» қолайсыздықтарға түсіністікпен қарауды сұрайды.

Жол уақытша жабылады



23–26 шілде күндері Медеу ауданындағы Уәлиханов және Мақатаев көшелерінде көлік қозғалысы шектеледі.

Бұл туралы «Алматы жылу желілері» ЖШС хабарлап отыр. Аталған көшенің жабылу себебі жол астындағы жылу желілеріне

күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Компания уақытша қолайсыздықтар үшін кешірім сұрай отырып, Алматы қаласының тұрғындары мен қонақтарын маршрут бағдарларын алдын ала реттеп алуды ескертеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Жасанды жарық зиян



Әсел
ДАҒЖАН

Ірі қалалардағы көше шамдары, жарнама тақталары, прожекторлар және т.б. түнгі уақытта шашырайтын жасанды жарық қоршаған ортаға зиян көрінеді.

Бұл жайында «Би-би-си» ақпарат көзі мәлімет таратты. Яғни жасанды жарық адамның өзіне де қатерлі. Ол адамның биологиялық ырғағын бұзып, түрлі дертке шалдықтыратыны анықталған. Миссури штатындағы Вашингтон университеті мен Дрексел жоғары оқу орнының жаратылыстану ғылымдарының академия ғалымдары келтірген мәліметке сүйенсек, жыл сайын жасанды жарық салдарынан 100 млн.-нан 1 млрд.-қа дейін құс опат болады екен. Яғни жасанды жарықтан стресс алған құс бағдарынан жаңылып, ғимараттарға соғылады. Қаладағы жасанды жарық сәулесі 240 шақырымға дейін жететін көрінеді. «Бұл – белгілі бір мемлекеттің немесе жекелеген қалалардың проблемасы емес, күллі адамзатқа ортақ проблема» дейді ғалымдар. Өйткені, жасанды жарық қала маңындағы құстар мен өсімдіктердің, жәндіктердің, жануарлардың тіршілік ырғағын бұзып, шағылысу, қоректену, көшіп-қону режимі мен бағытына кері әсер етеді. Жасанды жарық балықтың ұйқысын, өсіп-өнуін, т.б. жауапты мелатонинін басып тастайтыны анықталған.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!



«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 292-74-21; 8 (727) 292-74-62.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 292-74-21; 8 (727) 232-36-56.



Бас директор
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Akshamy» ЖШС.
almaty-aqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.
Апталық
таралымы – 15 663

Кезекші редактор –
Айжан БҮРКІТБАЕВА

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPY00026040
күәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.



Санақты өткізу процесін автоматтандыру және оған заманауи сандық технологияларды енгізу – 2021 жылғы Ұлттық санақтың басты жаңалығы.

Биыл азаматтарға сауалнама парақтарын онлайн-режимде өз бетінше толтыру немесе үй-үйді аралау кезінде офлайн толтыру мүмкіндіктері ұсынылуда.

1 қыркүйектен бастап sanaq.gov.kz арнайы сайты жұмысын бастайды. Мұнда қазақстандықтар 15 қазанға дейін онлайн-режимде санаққа қатысты барлық сұрақтарға жауап бере алады.

Дәстүрлі жалпы аралау 1–30 қазан аралығында жүргізіледі және ол белгіленген мерзім ішінде санақтан онлайн-режимде өтпеген респонденттер арасында жүргізілетін болады. Бұл кезеңнің жаңашылдығы – интервьюерлердің үй аралау кезінде электронды планшеттерді пайдалануы болмақ. Бұл санақ жүргізетін қызметкерлердің еңбек шығынын төмендетуге, мәліметтер сапасына адам факторының ықпалын азайтуға, ЖСН-ін енгізе отырып, санақ мәліметтерінің нақтылық деңгейін арттыруға, қағаз бен кеңселік құралдарды айтарлықтай үнемдеуге, сондай-ақ, интервьюерлер үшін қолайлылық пен олардың жинақылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Санақ кезінде мәліметтер жинау үшін сәйкестендіргіш ақпарат ретінде сауалнамаға қатысушының ЖСН-і қолданылады. Бұл ақпараттың қайталануын болдырмауға мүмкіндік береді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



«ҚАЗАҚСТАНДА ӘРКІМ МАҢЫЗДЫ!»

Елімізде осы ұран аясында ұйымдастырылатын жалпыұлттық халық санағы 2021 жылдың 1 қыркүйегі мен 30 қазаны аралығында өтеді

ХАЛЫҚ САНАҒЫ
2021
ПЕРЕПИСЬ НАСЕЛЕНИЯ

САНАҚТАН ҚАЛАЙ ӨТУГЕ БОЛАДЫ

2021 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНДА

№1 SANAQ.GOV.KZ САЙТЫНДА

№2 ИНТЕРВЬЮЕРДІҢ КЕЛУІН КҮТУ

№3 НҰСҚАУШЫЛЫҚ УЧАСКЕГЕ БАРУ

**№1 ТӘСІЛМЕН САНАҚТАН
ӨТКЕНДЕРҮШІН**
санақтан өткендігі туралы
хабарлама нөмірін
көрсету жеткілікті

**23 000-НАН АСТАМ
ИНТЕРВЬЮЕР**
еліміз бойынша
БАРЛЫҚ тұрғын
үй-жайларды
аралайды

**1 ҚЫРКҮЙЕК - 15 ҚАЗАН
АРАЛЫҒЫНДА**

15-30 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА

15-30 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Алматы қаласы бойынша департаменті хабарлайды: Мәліметтер тікелей жалпы ақпараттар базасына жіберіледі. Мәліметтердің құпиялылығы заңнамамен кепілдендіріледі.

Интервьюерде, яғни сұхбатшыда:

- мөрмен расталған тиісті куәлік;
- аралайтын нысандардың тізімі бар мобильді қосымшалы планшет;
- Ұлттық халық санағының символикасы бар көк түсті шарф пен портфель болады.

Сұхбатшы туралы қосымша ақпаратты sanaq.gov.kz сайтынан қарауға болады. Онда сұхбатшының тегі, аты, әкесінің аты және оның куәлігінің нөмірі көрсетілген тізім республика бойынша орналастырылған. Сонымен қатар, мобильді және стационар телефондары үшін бірыңғай нөмірі 1446 және 8 8000 800 878 call-орталығына қоңырау шалу арқылы ақпарат алуға болады.

Исламдағы бала тәрбиесі

Қазақтың әрбір өсиет-өнегесі ұрпақ тәрбиесіне негізделген. М.Әуезовтің «Ел боламын десең – бесігіңді түзе» деуі де тегін емес. Мұндай өнеге ислам мәдениетінің келуімен өркендей түсті. Осыған байланысты арнайы сауалнама жасаған едік.



Қашан серуендеген дұрыс?

Дәрігерлер мен диетологтер тамақтан кейін бірден жүру пайдалы деп санайды:

1. Серуендеу ас қорытуды жақсартады. Бауыр және ас қорыту жүйесінің аурулары туралы журналда жарияланған зерттеуге сәйкес, тамақтанғаннан кейін 15 минут баяу серуендеу тамақтың асқазаннан ішекке өту процесін тездетеді.

2. Қандағы қант деңгейі тұрақталады. 2018 жылы Nutrients медициналық журналы тамақтан кейін серуендеуге қатысты зерттеу нәтижелерін жариялады. Алдымен екі тілім нан жеп, содан кейін бірден серуендеуге барғандар, керісінше серуендеп, кейін тамақтанғандарға қарағанда қандағы қант деңгейі төмендеген. Тамақтанғаннан кейін серуендеу диабетпен ауыратындар үшін де пайдалы, тамақтанғаннан кейін 10 минуттық серуендеу кез келген уақытта бір жарым сағаттық серуенге қарағанда қант деңгейін төмендетеді.


3. Серуендеу газдың пайда болуын азайтады. Тағы бір зерттеу бойынша серуендеу тітіркенген ішек синдромы бар адамдарға көмектеседі. Зерттеушілердің айтуынша, әдеттегі 4000-ның орнына күніне 9500 қадам жасай бастаған экспериментке қатысушылар аурудың белгілерін 50 пайызға жеңілдеткен.

4. Басқа жақсы әдеттерді дамытуға көмектеседі. Журналист Меган Рэббит бір ай бойы түскі астан кейін күн сайын 15 минуттық серуендеуге шығады. Бір аптаның ішінде ол басқа пайдалы әдеттерді дамыту оңай болғанын байқайды, мысалы, аз шарап іше бастаған.

5. Түскі астан кейін серуендеу стресті азайтады. Ғалымдар серуендеу сияқты жеңіл жаттығулар стресті азайтуға көмектесетінін анықтады. 2019 жылғы зерттеу 20 минуттық серуендеу кортизол-стресс гормонын төмендететінін растады.

Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.



**Әлімхан ӘЛІМ,
дінтанушы:**

– Бізде мұсылманшылық IX-X ғасырларда кең қанат жайды. Сол кезеңдерде жергілікті халықтың пайым-парасаты жаңа өрлеу дәуіріне көтерілді. Бірақ жергілікті жұрт өздерінің дәстүрлі жолынан айныған жоқ. Дәл солай ары қарай жүре берді. Ғылымда әсер етуші фактор міндетті түрде өз әсерін береді дейді. Ал мұнда парадокс бар. Сондықтан көшпенділердің тегі, дәстүрі мықты демекпін.



**Жұлдыз РАХАТ,
психолог:**

– Психология ілімінде ең ерекше көңіл бөлінетін сала – баланың жақсы дінге қалыптасуы. Өйткені, жантану ғылымы – адамның ішкі әлеміне үңілу, шешілмейтін түйіннің шешімін табу болып табылады. Бала-қандардың тәрбиесі басты күн тәртібінен ысырылмау керек деп санаймын. Себебі, өмірлік жұмыс деп санаймын. Неге десеңіз? Қазір балалардың ойы, қабілеті басқа. Олар смартфондар мен гаджеттер арқылы тәрбиеленуде. Менің жеке пікірім 40% өнегені ғаламтор беруде. Яғни ислами, діни, қазақи,

батыстық тәлімді бүгінгі бүлдіршін интернеттен алуда. Сол себепті, балапандарымыздың болашағына бей-жай қарамайық.



**Ғалия ЖОЛДЫБАЙҚЫЗЫ,
мұғалім:**

– Исламдағы бала тәрбиесі – ең үлкен, мәні зор жауапкершікті іс. Бұған қарапайым қарамау қажет. Қазақ ертеңгі болашағын баланың тәрбиесімен ұштастырған. Өзіміз де бала-шаға өсіріп отырмыз. Мектепте де ұстаздық етудеміз. Бар ойымыз ақылды, ілімдар, пайым-парасаты биік жастарды қалыптастыру. Сол қарақөздеріміздің аман-есен болғанын көздейміз. Олар да өз ұрпақтарына қазақи тағылымды сіңіре білсе – озғанымыз болар еді.

P.S.: Әлемнің екінші ұстазы Әл-Фараби бабамыз «тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» депті. Жоғарыдағы пікірлерді топтай келсеңіз, түбі осыған саяды. Мұны бір сөзге сыйғызу мүмкін емес. Сондықтан асыл дінімізде де бала тәрбиесінің ауқымы зор деген ойдамыз.